

ӨЗІҢІЗДІ COVID-19 ИНФЕКЦИЯСЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

ҚОЛҒАП КИҢІЗ:

- ✓ ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ
- ✓ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ
- ✓ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА

Бір рет қолданылатын қолғапты бір рет қолданып тастаңыз! Мата қолғаптарын күнделікті жуу, жегіңіз және ұстату қажет!

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:

- ✓ ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ
- ✓ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ
- ✓ ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА

Бір рет қолданылатын бетпердегерді әр 2 сағат сайын ауыстыру қажет! Бетперде нұрын ілеңіз! Коммуналық жауап, тұруы қажет!

БРИФИНГ



ЖЕТІСУ АУДАНЫ ЖАЙНАЙ БЕРЕДІ

4

МӘСЕЛЕ



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖАЙЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

6

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАЛА ӘКІМІ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Бүгін сағат 9.00-де Тимирязев көшесі, 42, 10-корпус мекен-жайында орналасқан «Атакент» Қазақстандық іскерлік ынтымақтастық орталығының конгресс-холлында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Ағымдағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.08.2022

Түнде:



+18+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+38 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

5.08.2022

Түнде:



+18+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+38 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №89 (6224) 4 тамыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ҮКІМЕТ

«ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ»

Ұлттық жобасы бойынша жұмыстар басталды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Бұл туралы Үкімет басшысының сайтында жарияланды.

2

ТҮРҒЫН ҮЙ

ЖАҢА БАСПАНАЛАР САЛЫНАДЫ



Алматы әкімдігі сүрілген көпқабатты үйлердің орнына қай аудандарда баспана салынып жатқанын мәлім етті.

2

ҚЫСҚА...

- Биыл 9 мыңнан астам азамат қандас мәртебесін алды.
- Қазақстан мен Кореяның парламентшілері кездесті.
- Транзиттік көліктерге дизель сараланған бағамен беріледі.
- Докторантураға құжат қабылдау уақыты 5 тамызға дейін ұзартылды.
- Алматы ІССА халықаралық туристік қауымдастығына кірді.
- Веложарысқа байланысты жексенбі күні қалада автокөлік қозғалысы ішінара шектеледі.
- Алматының тарихи орталығының шекаралары анықталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



● **ҮКІМЕТ**

«ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ»

Ұлттық жобасы бойынша жұмыстар басталды



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

(Басы 1-бетте)

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Ұлттық жобаның мақсаты тұрғындардың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды әрі көлік байланысын жақсарту, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін және халықтың мобильділігін арттыру екенін атап өтті.

Ұлттық жобаны 2021 жылы іске асырудың нәтижесінде тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету көрсеткіші 96%-ды құрады (қалаларда – 98%, ауылдарда – 93%), моно және шағын қалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымының тозуы 57,6%-дан 45,5%-ға дейін төмендеді, 17,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, нормативтік жай-күйдегі республикалық маңызы бар жолдардың үлесі 90%-ға дейін (жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 80%-ға дейін) өсті, сондай-ақ 112 мыңға жуық тұрақты және уақытша жұмыс орындары құрылды.

Биыл Ұлттық жобаның іс-шараларын орындау жалғасуда. Атап айтқанда, 576 ауылда жобаларды іске асыруға, моно және шағын қалалардың инфрақұрылы-

мын дамытуға және жас мамандарға тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлінді.

Сонымен қатар, жиында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов және Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов баяндама жасады.

Баяндамашыларды тыңдап болғаннан кейін Премьер-Министр Ұлттық жобаны іске асырудың елдімекендердегі инфрақұрылымның жай-күйін жақсартуға, 480 тірек және серіктес ауылды жаңғыртуға, тұрғын үй құрылысына 2,4 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік бергенін айтты. Жұмыс істейтін жастарға, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына, көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр.

Сонымен қатар, Үкімет басшысы «Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша бюджеттік кредиттер беру жөніндегі кейбір көрсеткіштердің орындалмағанына мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің назарын аударды.

«Жыл соңына дейін көп уақыт қалған жоқ, сондықтан осы жұмысты жандандыру қажет. Жобалардың іске асырылуы әкімдер мен жауапты орталық мемлекеттік



органдар басшыларының ерекше бақылауында болуы тиіс», – деді Әліхан Смайылов.

Сондай-ақ, Премьер-Министр 1 қазанға дейін Ауылдық аумақтарды дамыту тұ-

жырымдамасының жобасын әзірлеуді және Ұлттық жобаның индикаторларына сәйкес қоныс аударушыларды қабылдауды, орналастыруды және қолдауды қамтамасыз етуді тапсырды.

● **ТҰРҒЫН ҮЙ**



ЖАҢА БАСПАНАЛАР САЛЫНАДЫ



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, 2021 жылы Жетісу ауданында инвестормен бірге Скрябина көшесіндегі 52 пәтерлік 6 үй сүрілді. Олардың орнына 2022 жылдың екінші тоқсанында 304 пәтерлік 4 жаңа үй салынды (1-інші және 2-кезең).

Үшінші кезеңнің құрылысы аясында Райымбек даңғылында орналасқан №265, №265 А үйі бұзылды. Сонымен қатар, Крылов көшесіндегі 24 пәтерлік үш апатты үй сүріліп, оның орнында 184 пәтерлік 2 үйдің құрылысы басталды.

Әуезов ауданында Сүлейменов көшесінің бойындағы бірінші кезеңнің құрылысы аясында 5 апатты үй (40 пәтер) бұзылып, оның орнында 209 пәтерлік 4 үйдің құрылысы басталды.

Сондай-ақ, Сүлейменов көшесінің батысы, Жандосов көшесінің оңтүстігіндегі аймаққа қосымша инвестор тартылды. Жеке құрылыс салушы II, V, VI, VII, VIII кезеңдерге үй салу құқығын алды. Осылайша жобаны аяқтау мерзімі бес жылға – 2033 жылдан 2028 жылға дейін қысқарды.

Түркісіб ауданындағы Молдағалиев-Сауранбаев-Чернышевский-Толстой көшелерінің шаршысында 152 пәтерлік көппәтерлі 7 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр.

Айта кетейік, Алматы қаласының тұрғын үй қорын жаңғыртудың 2021–2025 жылдарға арналған бағдарламасы жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні «Алматы» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ қала әкімдігін, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін, сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігін қоса алғанда, уәкілетті органдармен бірлесіп қаржыландыру мәселесін пысықтап жатыр.

«Қосымша қаржыландыру құрылыс жұмыстарының қарқынын арттырады. Бөлінген қаражат тозығы жеткен үйлерді сүруге, инвесторларды ынталандыруға, сондай-ақ апатты жағдайдағы үй иелерін тұрғын үй қоры ретінде пайдалануға арналған пәтерлерге қоныстандыруға жұмсалады», – деп атап өтті әкімдіктен.

Бұған дейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполистегі апатты жағдайдағы үйлерді бұзудың жаңа бағдарламасы әзірленіп жатқанын айтқан болатын.

● **ТЕМІРЖОЛ**

ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫ ҚАЙТА ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

3 тамыздан бастап қала маңына қатынайтын «Алматы – Қазыбек бек» бағытындағы жолаушылар пойызы қайтадан күн сайын жүретін болады.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметіне сүйенсек, 3 тамызда пойыз

«Алматы-2» теміржол вокзалынан таңғы сағат 9.30-да, «Алматы-1» станциясынан сағат 10.07-де жөнелтіледі.

Жол жүру ақысы пойыз жолсеріктеріне «ОҢАЙ» жүйесінің мобильді көліктік терминалы арқылы төленеді. Жол ақысы – 80 теңге.

Тасымалдау жалпы үлгідегі вагондармен (отыратын орындар) жүзеге асырылады. Айта кетейік, жолаушыларға «Тұран Экспресс» жолаушылар компаниясы» ЖШС қызмет көрсетеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● **ТУРИЗМ**

ІСКЕРЛІК МҮМКІНДІК

2022 жылдың 1 тамызынан бастап Алматы қаласы ICCA халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығының (International Congress & Convention Association) мүшесі болды.



**Айжан
АТАЙ**

Мамандардың айтуынша, ICCA-ға мүшелік Алматыдағы MICE-туризмді (іс-

керлік) халықаралық аренада дамыту жоспарының бір бөлігі болып табылады.

«Қауымдастыққа кіру әртүрлі туристік ұйымдармен – ICCA мүшелерімен жаңа серіктестік орнатуға мүмкіндік береді. Біз қалаға сапалы жаңа туристерді тартуға және ұстап қалуға ниеттіміз», – деді «Алматының туристік ақпараттық орталығы» ЖШС директоры Едіге Марғұлан.

MICE-туризмді соңғы жылдары Қазақстандағы туризмнің басым түрі болып табылады. MICE-туризм нарығының әлемдік көлемі 7,5% жылдық өсіммен \$725 млрд-қа бағаланады. Алматыда жылына 20 халықаралық деңгейдегі іскерлік іс-шара өткізу жоспарда бар.





БРИФИНГ

ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК



Алматының Жер комиссиясы қала тұрғындарының 3000-нан астам өтінішін қарады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингі барысында Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының басшысы Ардақ Самамбетов мәлімдеді.



Досбол
АТАЖАН

Спикердің айтуынша, басқарма мемлекеттік қызметтің 8 түрін ұсынады. Ағымдағы жылдың 7 айында барлығы 5472 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде басым бөлігі электрондық үкімет сайты арқылы – 4638, мемлекеттік орган арқылы – 834.

«Биылғы жылы басқармаға жерді пайдаланудың түрлі салаларына қатысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан 7655 өтініш келіп түсті. Азаматтар көбінесе жер учаскелерін заңдастыру, жалға алуды ұзарту, жер телімі үшін жалдау ақысын есептеу бойынша жүгінеді», – деді А.Самамбетов.

Оның айтуынша, биыл Жер комиссиясының 8 отырысы өткізіліп, онда 3128 өтініш қаралып, 2075 өтініш бойынша оң шешім қабылданды. Сонымен қатар, жыл басынан

бері Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасы энергетика, денсаулық сақтау, балабақша, спорт және басқа да нысандар құрылысы үшін 58 жер телімін бергені белгілі болды.

«Мемлекет мұқтажы үшін қоғамдық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға 105 жер телімі алынды. Мысалы, Абай даңғылын Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту үшін, сондай-ақ Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысында жол айрығын салу үшін жер телімдерді сатып алу аяқталды», – деп атап өтті ЖКБ басшысы.

Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарын жүзеге асыру және шағын ауданда жол салу үшін әл-Фараби даңғылының бойындағы (Витебская көшесінің қиылысы) жер телімдері сатып алынды.

ЖКБ-ның осы жарты жылдықтағы маңызды шешімдерінің бірі – әлеуметтік мәселелерді шешу болды. Айтылған мекеме бұрын өз бетінше жер иеленіп алған тұрғындарға жер құқығын берді, соның арқасында 644 отбасы жер учаскелерін заңдастыруға мүмкіндік алды.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингінде Алматы қалалық Жер қатынастары басқармасының басшысы Ардақ Самамбетов атқарылып жатқан өзге де шараларға тоқталды.

Алматы қаласының тарихи орталығының шекарасын белгілеу мәселелері басқарманың ерекше бақылауында екені айтылды.

«Нүктелі құрылыс салуға жол бермеу мақсатында тарихи орталықтың шекарасы белгіленді, оның шегінде мемлекет мұқтажы

үшін алып қоюға және сатып алуға жататын 7 учаске анықталды. Олардың орнында абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі уақытта 4 жер телімі сатып алынды», – деп мәлімдеді А.Самамбетов.

Мәселен, емхана салу мақсатында Левитан көшесінің оңтүстігінен, Гагарин даңғылының батысынан жер учаскесі тәркіленді. Сонымен қатар, халықты сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін әл-Фараби даңғылының оңтүстігіне қарай және Сырғабеков көшесінің шығысына қарай 500 келушіге арналған емхана салу үшін 1,3 гектар жер телімі бөлінді.

Сонымен қатар, ШААЖ, әл-Фараби даңғылы, Саин көшесі, Жандосов көшесінің оңтүстігіне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін бөлуге және тау бөктерінде аз қабатты үйлер салуға тыйым салды.

Брифинг барысында мемлекеттік жер қорын ұлғайту мақсатында жалпы ауданы 19,54 гектар 22 жер учаскесі резервке қойылғаны белгілі болды.

Келесі жылы ЖКБ Медеу ауданында Рысқұлов даңғылы бойындағы айналмалы эстакада құрылысын салу, Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін Төле би көшесін ұзарту, Ф.Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін Рысқұлов даңғылын ұзарту, Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін Жұбанов көшесін ұзарту және метрополитен салу («Қалқаман» станциясы) жобалары бойынша жер телімдерін сатып алуды аяқтауды жоспарлап отыр.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНЕРКӘСІПТЕ ӨСІМ БАР

Биыл қаланың индустриялық аймағында 6 өндірістік нысанды іске қосу жоспарлануда



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы индустриялық аймағында жыл соңына дейін іске қосуды жоспарлап отырған кәсіпорындар тізімінде: «Қаз-Диа-Тест» фармацевтикалық зауыты, VALTHERM радиаторларын, City Stone тастан жасалған бұйымдарын, Teplostil термопанельдерін, Stroy Production газобетонды блоктарын және «ЭлектроБар» электр техникалық бұйымдарын өндіру зауыты бар. Бұдан басқа, жалпы өндірістік алаңы шамамен 16 мың шаршы метр болатын 4 өнеркәсіптік паркті (ALAESTATE, Alatau Industrial Park, QazaqPlast және ADS Industries-тің 2-кезеңі) ашу жоспарлануда, онда жеңіл, тамақ өнеркәсібі және металл өңдеу саласындағы 24 компания орналастырылатын болады.

Сондай-ақ, Берік Солтанбаев Алматыда фармацевтика және аспап жасау саласы белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. 2023-2024 жылдары фармацевтикалық кәсіпорындарды (JULDYZ KENAN Co LTD, KYZAI, «А-Медикал») іске қосу жоспарлануда. 2022 жылдың соңына дейін «Алатау» АТП АЭА-да 200 млн теңгеге инвестициялары бар төмен вольтты жүйенің электр техникалық жабдықтарын өндіретін OISB Қазақстан зауытын іске қосу жоспарлануда.

Бұл ақпаратты Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев хабарлады.

ТМД елдері, Таяу Шығыс, АҚШ, Түркия және Израиль

Әлемдік көшбасшылар спикердің айтуынша, бұлар мегаполистің негізгі шетелдік инвесторлары, биыл бірінші тоқсанда шетелдік инвестициялар ағыны 1,6 млрд АҚШ долларын құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 40,4%-ға артық.

Биыл 2,1 млрд теңге сомасына 2 шетелдік жоба іске асырылды. Олардың ішінде технологиялық үдерістерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері мен аварияға қарсы қорғау жүйелері шкафтарын шығару бойынша инновациялық өндіріс бар.

«Жобаны Fortune 500 тізіміне кіретін және электрондық басқару және автоматтандыру жүйелері нарығындағы әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылатын американдық Honeywell корпорациясы жүзеге асырады», – деді спикер.

Әуежайда жаңа терминал салынуда

«Жаңа терминал әуежайдың өткізу қуатын жылына қазіргі 2,5 миллион жолаушыдан 14 миллионға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Жобаның жалпы құны 90 млрд теңгені құрайды. Іске асыру мерзімі 2024 жылға жоспарланған», – деді Б.Солтанбаев.

Шетелдік тағы бір жоба – Алматы индустриялық аймағының аумағында желатин өндіру зауытын салу. Осы мақсатта Iskefe түрік холдингіне 4,5 гектар жер телімі бөлінді. Компания зауыт құрылысына 9,8 млрд теңге салып, 100-ден астам тұрақты жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Зауыттың өндірістік қуаты 7 мың тоннадан астам желатин шығаруға мүмкіндік береді. Б.Солтанбаев Mercedes көпфункционалды автоорталығының құрылысы жалғасып жатқанын айтты. Жоба құны 10,5 млрд теңгені құрайды, 250 жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар, жақын арада шетелдік инвесторлар «Леруа Мерлен Қазақстан» гипермаркетін салу жобасын іске асыруды бастайды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2050 жылға қарай Алматы халқының саны 3,5 миллион болуы мүмкін.



Биыл Алматының индустриялық аймағында 6 өндірістік нысанды іске қосу жоспарланып отыр.



Алматыдағы жас мамандардың айлық жалақысының мөлшері 122 000 теңгені құрайды.



2022 жылдың екінші тоқсанында сүрілген үйлердің орнына 304 пәтерлік 4 жаңа үй салынды.



Биыл шаһардың 183 мектебінде жазғы лагерьлер ұйымдастырылды.



БРИФИНГ

ЖЕТІСУ АУДАНЫ
ЖАЙНАЙ БЕРЕДІ

Биыл ауданда жастар саябақтары,
жаяу жүргіншілер аймақтары мен
жаңа аулалар пайда болады



Рая
ЕСКЕНДІР

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді. Онда халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін аудан аумағында атқарылып жатқан жұмыстар мен қоғамдық орындардың абаттандырылып жатқаны жөнінде кеңінен баяндады. Мәселен, биылдан бастап аудан көлемінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 23 жоба жүзеге асырыла бастады.



Бұл жобалардың әрбірінің қоғамдық орындарға тигізер өз әсері бар. Ең бастысы, ауданның көптен бері жөндеу көрмеген аулалары жөнделетін болады. Аудан әкімінің айтуынша, қолға алынып жатқан барлық жұмыстар осы жаздың соңына дейін аяқталады.



– Рысқұлов пен Сүйінбай даңғылы бойындағы көпірдің астынан жастарға арналған спорттық саябақ құрылысын бастаған едік. Қазір бұл құрылыс жұмысы да қарқынды жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, «Айнабұлақ-1» ықшамауданындағы Есентай өзенінің бойынан «Жастар саябағы», «Көкжиек» ықшамауданы мен М.Жұмабаев көшесінің бойында жаяу жүргіншілер аймағы салынып жатыр. Сәтін салса, бұл жұмыстарды осы жылдың қазан айында аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз», – деді Гүлнар Көкебаева.

Айтса айтқандай, биыл аудан тұрғындарының өмір сапасы мен жайлы демалысы үшін ықшамаудандардағы гүлзарларға ағымдағы жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Мәселен, аудан көлеміндегі «Айнабұлақ-3», «Айнабұлақ-1» және «Айнабұлақ-2», «Құлагер» ықшамаудандарындағы «Гүлдер» саябағында, сондай-ақ Коперник көшесі бойындағы Кіші Алматы өзенінің жағалауындағы гүлзарларға жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Аудан басшысының айтуынша, аудандағы барлық аймақтардағы жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылады, орындықтар мен қоқыс жәшіктері жаңартылады.

Аудандағы аулаларға балаларға арналған ойын кешендері орнатылады. Сондай-ақ, жасыл желектерді автоматты суару жүйесі қайта құрылатын болады.

Дәл қазір «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзені бойында құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Аудан әкімі бұл жұмыстың осы жылдың соңына қарай аяқталып, жақын арада «Кемел» ықшамауданында саябақ құрылысының басталатынын жеткізді.

Биыл 19 шақырым жол жөнделді

Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаеваның айтуынша, биыл ұзындығы 2,6 шақырым болатын төрт мекенжайдағы тротуарлар қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден өткен көрінеді. Сондай-ақ, аудандағы жалпы ұзындығы 4,4 шақырымды құрайтын 27 арық желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жетісу ауданы аумағындағы 7700 түп ағашқа санитарлық кесу, 2100 түп ағашқа формалық кесу жұмыстары жүргізілді. Биылғы жылы аудандық әкімшілік пен басқа да мекемелердің, еріктілер мен жастар қатысқан 25 сенбіліктің нәтижесінде 528 текше метр қоқыс шығарылды.

Аудан әкімінің айтуынша, Қазыбаев – Рысқұлов – Тәтібеков – Райымбек және Сейфуллин – Солтүстік айналым – Рысқұлов – Боралдай көшелерінің шаршысында сумен жабдықтау және судан бұру желілерін төсеу жұмыстары жақын күндерде аяқталады. Сонымен қатар, «Кемел» шағынауданы мен Паладин, Павлодар, Боралдай көшелері және Рысқұлов – Тәтібеков – Райымбек – Күдерин көшелерінің шаршысында электрмен жабдықтау желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар ағымдағы жылдың 4 тоқсанында аяқталатын болды.



«Кемелде» амбулатория салынып, «Саяхатта» емхана ашылады

Жетісу ауданында «Шетсіз қала» бағдарламасы кеңінен жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында ауданның әрбір ықшамауданында өз алдына білім беру мекемелері, медицина нысандары, белсенді демалыс орындары болады.

Жетісу ауданындағы «Көкжиек», «Құлагер» және «Айнабұлақ» ықшамаудандарында 3 емхана денсаулық сақтау саласы бойынша 124 мың адамға қызмет көрсетеді. Ал қалған 50 мың тұрғынға шағын учаскелерге байланысты көрші аудандардың емханаларында қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік емханалардағы жетіспеушілікті, әсіресе «Кемел» ықшамауданында, «Саяхат» автобекеті мен «Жұмысшы поселкесі» маңында тұратын тұрғындар ерекше сезінуде.

Осы түйткілді мәселені шешу үшін «Кемел» ықшамауданында күніне 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, «Саяхат» маңынан 1647 ш.м. құрайтын болашақ емхана үшін ғимарат сатып алынды. Қазіргі уақытта осы ғимараттарға күрделі жөндеу жасауға және емхананы қайта жабдықтау үшін ЖСҚ әзірленіп жатыр.

Сонымен қатар, «Құлагер» ықшамауданындағы жалпы ауданы 1 967 шаршы метр қолданыстағы емхананы кеңейту үшін үш қабатты ғимаратты күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірлеу үшін қосымша конкурс жарияланып отыр.

Аудан қанатын жайып келеді. Сондықтан мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы да байқалып жатыр. Мәселен, Жетісу ауданындағы 21 мемлекеттік мектепте 28 525 оқушы оқиды, ал жалпы жобалық қуаттылық 18 381 орынды құрайды.

– Оқушы орындарының жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін аудандағы үш мектепке қосымша ғимарат салынған еді. Осы қосымшалардың арқасында 1050 оқушы орынмен қамтылды. Соның арқасында, оқушы орындарының тапшылығы 1,6 мың орынға дейін төмендеді», – деді Г.Көкебаева.

Алдағы уақытта №148 мектеп-гимназиясына 300 орынды, №112 жалпы білім беретін мектебіне 300 орынды және №103

мектеп-гимназиясына 200 орынды қосалқы нысан салу арқылы үш мектепті кеңейту жоспарлануда.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім мекемесінің жетіспеушілігі «Айнабұлақ» ықшамауданында байқалатыны да сөз болды. Бұл ретте «Айнабұлақ-4» шағынауданындағы 160 орынды балабақшаның құрылысы аяқталып, желтоқсан айында пайдаланылуға берілмекші. Ратушның көшесіндегі 280 орынды бұрынғы балабақша ғимаратын осы жылдың соңына дейін ашу жоспарланып отыр.

Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек

Биыл Жетісу ауданында тұратын 400-ден астам отбасына азық-түлік себеті табыс етіліп, әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар, 80 отбасыға гигиеналық өнімдер таратылды.

«Родник» қоғамдық қоры аз қамтылған отбасыларға мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды дамыту мен тәрбиелеуге арналған жиынтықтары бар рюкзактар табыс етіп, көмек көрсетті.

Жас ұрпаққа кеңінен көңіл бөлу мәселесі аудан әкімінің басты назарында. Мәселен, Балаларды қорғау күнінде ерекше қажеттіліктері бар 67 балаға мерекелік түскі ас ұйымдастырылып, түрлі ойыншықтар мен Магнит дүкеніне азық-түлік сертификаттары табыс етілді.

Құрбан айт мерекесіне орай, аудандағы аз қамтылған 160 отбасыға құрбандыққа шалынған малдың еті таратылды.

Ауданда біраз уақыттан бері көпбалалы және аз қамтылған отбасылар үшін «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді. Осы орталыққа жыл басынан бері 750-ге жуық адам хабарласып, көмек сұраған. Аудан қарттарының бос уақыттарын тиімді өткізуі үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы бар. Ашылғалы бері 41 түрлі қызмет көрсетіп келеді.

«Шыңға өрлеу» жобасы арқылы аз қамтылған отбасы балаларына ерекше көңіл бөлініп отыр. Олар қазір тегін қосымша білім алуда. Биыл 130 бала тегін оқыды», – деген аудан басшысы «Paralympic Sports Association» қоғамдық қорының «Импотерапия» жобасы арқылы 12 мүмкіндігі шектеулі баланың оңалту курстарын қабылдап жатқанын жеткізді.





АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ


Қураған гүл

Қаланың басым бөлігіндегі көшелер қайта жөндеуден өткеннен кейін жол бойындағы гүлдерге өздігінен суаратын құрылғы орнатқан болатын. «Сенген қойым сен болсаң...»... Гүлдеріміз жайнап, айналамызға әсемдік сыйлайды деп жүрсек... Құрылғылардың әлі күнге дейін ешбірі жұмыс істеп тұрған жоқ. Мәселен, Саин көшесі 5–10 жыл бұрын жөндеуден өткеннен кейін ол жаққа автоматты суару құрылғысы салынды. «Сізге өтірік, маған шын», солардың бүгінге дейін іске қосылғанын көрмедік. Көше әлі күнге дейін шлангамен суарылады.

— Саин көшесі — қаланың орталық көшелерінің бірі. Сонымен қатар, сырттан келген қонақтар жиі қатынайтын да — осы

көше. Сондықтан көшені жайнатып қою керек қой. Жаздың екі айы өтсе де, әлі көшедегі гүлдерде тіршілік жоқ. Жайқалып өскенін көрмедік. Әйтеуір жаңбыр суымен күнелтіп тұр. Міне, күз келмей құрап жатыр. Өздігінен суаратын құрылғылар мүлдем істемейді. Ол жұмыс істемесе, неге қойып қойған? Осы сұраққа жауап таппай әлекпіз. Оңайлықпен жауап бере қоймайтын әкімдікке, тіпті де үміт артпайтын болдық, — дейді аудан тұрғыны Азамат Жаксылықов.

Мемлекет басшысының «халық үніне құлақ асатын мемлекет» деген Жолдаудағы сөзін Әуезов ауданы әкімдігі ұстанбайтын сынды...



ТҮРКСІБ АУДАНЫ




Жолда қалай жүреміз?

«Алтай-2» ықшамауданының тұрғындары Собинов көшесіндегі жол құрылысымен байланысты қолайсыздықтардың қашан аяқталатынын білгілері келеді. «Күн ыстық, бір мезгіл кешкі серуенге шығуға болар еді. Бірақ мынадай ешқандай арнайы қауіпсіздік белгілері, қоршаулары жоқ жолдармен қалай жүресің? Біріміз болмаса, екіншіміз мертігуіміз бек мүмкін ғой. Жол жұмыстары қашан аяқта-

латынын білгіміз келеді» дейді көше тұрғындары. Тұрғындардың сауалын Түркісіб ауданы әкімдігіне жолдағанымызда: «Аталған учаскеде «Алматы Су» МКК тапсырысы бойынша инженерлік желілерді қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Өтініштеріңіз бойынша ақпарат тапсырыс берушіге және Алматы қаласының қала құрылысын бақылау басқармасына берілді» деген жауап алдық.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Қашан мәдениетке үйренеміз?



«Кеше жұмыстан қайтып бара жатып, аялдамадан №79 автобуска отырдым. Салонның соңғы жағындағы орындық бос болған соң жайғаса кеттім. Көзім бірден терезенің жақтауындағы мына шимай-шатпақ жазуларға түсті. Біз қашан мәдениетке қол жеткіземіз? Әрі-беріден соң осы автобустар сені діттеген жеріңе апарып, әкеліп жүр емес пе? Осы көліктердің іші мұншадай таза болғанынан қашан қиянат көрдің? Мұндай бұзақылық үлкендердің қолынан келмейді. Бұл жастар мен жасөспірімдердің «қолтаңбасы» екені анық. Бұзақылық — әлеуметтік ортаға нұқсан келтіретін өрескел қылық. Ол қоғам мүлкін бүлдіру арқылы әлеуметтік ортаны сыйлаушылықтың көрінісі болып саналады. Қазіргі қоғамдық көліктердің барлығына бейнекамера орнатылғанын талап етеміз. Сонда мұндай өрескел қылық, әдепсіз әрекеттерге жол берілмейді. Тағы да айтамын, бұдан былай қоғам мүлкіне нұқсан келтіргендер жазаға тартылыс! Алматы қандай ажарлы қала болса, оның көлігі де соған сай тап-таза болуы тиіс!», — дейді алматылық Айерке Медетқызы.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Аптап ыстықта «Қарағайлы» ықшамауданының тұрғындары үшін ауыз су алтыннан да қымбат болып тұр. Тіршілік нәрінен тарыққан тұрғындар судың жиі тоқтап қалатынын айтып, редакциямызға хабарласты. «Үйімізде су жоқ. Кеше таңда өшіріп еді, әлі келмей тұр. Ұзынқұлақтан естуімізше, су жетіспейді, енді суды водовозбен ғана әкелетін көрінеді. Сонда кешеге дейін ағып тұрған су қайда кетті? Сусыз көрген күніміз құрсын. Кейде амалсыз, дүкеннен сатып алып ішеміз. Бірақ бұл қашанға дейін жалғаспақ? Қымбатшылық белең алып тұрған шақта судың жоқтығы

Су неге жиі өшеді?

«жығылғанға жұдырық» болды ғой. Әсіресе, мынадай аптап ыстықта қатты қиналып жүрміз. Үйімізде науқастанып жатқан адамдар бар. Неге су жиі тоқтап қалады? Бұл жүйе қашан ретке келеді?», — дейді Тәжиев көшесі тұрғындарының атынан редакциямызға телефон шалған Қуантай Бұлтақбаева.

Тұрғындар өтінішін құзырлы мекемелерге жеткізгенімізде, «Алматы Су» МКК мамандарынан: «Жаз мезгілдерінде судың көп мөлшерде жұмсалыуына және қолда-

ныстағы су өтетін желілердің диаметрлері шағын болғандықтан, «Қарағайлы» шағын ауданында су жеткіліксіз деңгейде болып, сумен жабдықтауда айтарлықтай іркілістер (сбой) орын алып жатады. Мұндай жағдайларда ауданды сумен жабдықтау тасымалданатын сумен (су тасығыштармен) жүзеге асырылады.

Судың жетіспеуіне байланысты, аудандық қызметтердің күшімен су беру схемаларын реттеу жүргізіліп жатқанын қосымша хабарлаймыз» деген жауап келді.



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Керексіз баспалдақ

Юбилейная көшесіндегі Үлкен Алматы өзенінің бойында мынадай (суретте) баспалдақ бар. Ол өзен бойындағы жерүсті өткеліне тіреледі. Аудан тұрғындары өзен жанындағы саябаққа ойынға келген балалар әлгі баспалдақтан түсіп, қызық көріп, өткел астына кіруге талпынатынын айтады.

— Баспалдақтың зияны болмаса, ешқандай пайдасы жоқ. Балаларымыз өзенге түсіп жазым бола ма деп қорқамыз. Әкімдікке Юбилейная көшесінің тұрғындарының атынан хабарласып, баспалдақты алып тастауын өтініген болатымын. Алайда, бірде-бір шара қолданылмады, — дейді Айгерім есімді аудан тұрғыны.

Редакциямызға хабарласқан тұрғындардың шағымдарын естіп, әлеуметтік желідегі парақшамыз арқылы әкімдікке хат жолдағанбыз. Құзырлы мекеме қызметкерлері әлі жауап берген жоқ.



P.S.

Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефон арқылы хабарласуыңызға болады.

Бетгі әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



МӘСЕЛЕ

Алматы – елдің қаржылық, сауда, мәдени, туристік, білім беру орталығы болып табылатын ірі мегаполис. Қала экономикасының дамуын қамтамасыз ету үшін логистикалық инфрақұрылымның және көлік саласы қызметінің рөлі маңызды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде мегаполистің жол-көлік инфрақұрылымына бірталай жүктеме түсіп, жаңа салынған аудандарда жол желісіне қолжетімділіктің жеткіліксіз болуы және автомобиль санының көбеюіне байланысты көлік ағынының орташа жылдамдығының баяулауы орын алып отыр. Осыған байланысты қалада көліктік мастер-жоспарлары әзірленгені дұрыс-ақ. Олар тиімділік пен өткізу қабілетін арттыру мақсатында қаланың жол желісінің топологиясын өзгерту және көлік ағынының қозғалысын реттеу сияқты қаланың тиімді жол желісін қалыптастыру жөніндегі бастамаларды; жаңа жолдарды жобалауға қоғамдық көлік пен велосипед жолдары үшін жолақтар салуды ескеретін талаптар енгізу арқылы қолданыстағы жол желісін қайта ұйымдастыруды; қоғамдық көліктің маршруттық желісін ұйымдастыруды жақсартуды; бастауыш және орта мектеп оқушыларын тасымалдау жүйесін дамытуды; жеке автокөлікті пайдаланудың тартымдылығын төмендетуді қамтиды.

Жалпы қай қала болсын, оның сәтті өсуі мен дамуы халықтың жұмысқа бару және кері қайтуын қамтамасыз етіп, кәсіби қызметтен бөлек сапарларға деген сұранысын орындайтын жолаушылар көлігі инфрақұрылымымен тығыз байланысты. Сондықтан еліміздің экономикасы мен әлеуметтік әл-ауқат көрсеткіштері бойынша дамыған елдердің деңгейіне жету қалалық жолаушылар көлігі жүйесін ұйымдастыруда жаңа талаптар қойып отыр. Ендеше, халықтың көлік қызметтеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасау қала билігінің маңызды міндеті.

Туған жерге деген сүйіспеншілік

Алматыда қоғамдық көлікті реформалау және тұрақты көлік жүйесін қалыптастыру барысында атқарылып жатқан шаруа көп. Дейтұрғанмен, жолаушылар тасымалының қызметін реттеу көптің көкейінде жүрген өзекті мәселе. Сондықтан қала тұрғындары үшін қоғамдық көліктің маңызы зор.

Баршаға мәлім, бүгінде Алматының аумағы қалаға кейіннен қосылған аймақтардың есебінен біршама ұлғайды. Сәйкесінше, халық саны артып, қоғамдық көлік қызметін пайдаланушылардың қатары көбейді. Яғни жолаушылар тасымалының қызметі күшейді. Осы тұста қала мәдениеті оның қоғамдық көліктерімен де бағаланатынын, сондай-ақ, қоғамдық көлік саласының дамуындағы кемшілің тұстар мен оның шешілу жолдарына қатысты салмақты ой, салмақты пікір білдіріп жүрген көлік саласының маманы, техника ғылымының докторы Жұмажан Жаңбыровтың сөзіне көз жүгіртелік.

«Бүгінде көлік құрылымын, оның ішінде қоғамдық көлік қызметін заманауи үлгіде қалыптастыру – уақыт талабы. Алматының жолаушылар тасымалдайтын қоғамдық көлік жүйесінде заманауи әдістемелерге сәйкес ұтымды көлік желілері орындалған. Дегенмен, биыл мегаполисте (01.01.2022-26.04.2022) автобустардың қатысуымен 89 жол-көлік оқиғасы орын алып, 4 адам көз жұмды. Ал 2021 жылғы болған 264 жол апатынан 9 адам қайтыс болып, 344 адам жарақаттанған. Яғни мұндағы ең басты кемшілік – қоғамдық көлік жүргізушілері мен арнайы мамандардың кәсіби дайындығының төмендігі.

Екіншіден, қолданыстағы коммуналдық тапсырысты қаржыландыру мәселесі. Яғни кемшілік – туындаған келіспеушіліктердің проблемасы, шығындарды жоспарлау мен есептеудің қолданыстағы әдістемесінде. Өйткені, қалалық маршруттар желілеріндегі автобустардың жұмыс жағдайларының ерекшеліктері ескерілместен, ауыспалы және тұрақты шығындар сомасын қамтитын жалпы пайдалану шығындарына негізделген. Бұл көлік жұмысы көлемінің пайдалану шығындарының мөлшерімен өзара байланысының болмауы, көбінесе көлік қызметтеріне тапсырыс беруші мен тасымалдау процесін орындаушылар арасындағы келіспеушіліктерге әкеледі», – дейді Жұмажан Ғинаятұлы.

Білікті маман 2017-2018 жылдары Атырауға қоғамдық көлік тасымалының даму тұжырымдамасын дайындауға байланысты теңдерден жоба ұтып алған. Үш айдың ішінде Атырау мен оған қарасты іргелес ауылдарда қоғамдық тасымал қызметін дамытуға арналған жобаны дайындаған. Ұсынылған құжатта аймақтардағы көлік саны, аялдамалар қай жерлерде орналасуы керек, жолаушылар легі, олардың жүру қауыптылығы, жол ақысы, одан түсетін пайда мен төленуі тиіс салық – бәрін есептеп шығады. «Аллаға шүкір, қазір менің ғылыми жетекшілігіммен орындалған және қала әкімшілігі қабылдаған жобаның арқасында Атыраудың көлік тасымалы кептеліссіз жұмыс істеп тұр. Кейде атыраулық азаматтар хабарласып, «бүгінге дейін сіздер жасап берген сызба бойынша жүріп жатырмыз» дейді. Бұл – менің туған жеріме және ел игілігіне болсын деп жасаған еңбегім...», – дейді ол әңгіме барысында.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖАЙЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...



Мәдениет күре жолға да керек

Қала билігі шаһардағы қоғамдық көлік қызметіне қатысты мәселелерді біржақты ету үшін алдағы 3 жылда 200 жаңа троллейбус сатып алу, газбен жүретін автобустар үшін 2 парк, 5 газ құю бекетін салу және заманауи форматтағы 200 аялдаманы іске қосуды көздеп отыр. Сондай-ақ, 2030 жылға дейін батыс бағытта метроның жаңа 3 бекетін салу жоспарда бар. Жолаушылар тасымалын жақсартып, автобус жетіспеушілігін жою үшін Алматының автобус паркі су жаңа 800 қоғамдық көлікпен толығымен. Бұл жоспар 2025 жылға дейін жүзеге асуы керек екенін айта кеткен жөн. Бұл – қуантарлық жағдай.

Білікті маманның қоғамдық көлік жүргізушілеріне қатысты пікірі де салмақты. «Жүргізушілердің барлығы бірдей тәжірибелі мамандар деп айта алмаймын. Себебі, қазір қалада жолаушы тасымалымен айналысатындардың дені қала шетінен келген ауыл тұрғындары. Байқасаңыз, олардың мінез-құлқы қалалықтарға қарағанда басқашалау келеді. Көбі физикалық-психологиялық, моральдық жағынан әлсіз. Сізге түсінікті болуы үшін айтайын, көлік жүргізуші болу, соның ішінде жолаушылар, тіпті жүк тасымалдаушы болу оңай шаруа емес. Мен 15 жыл қалааралық және мемлекетаралық жүк тасымалдаумен айналыстым. Компаниям алыс жолға жүретін жүргізуші таппағаннан жұмысын тоқтатуға тура келді. Бұ-

ғындардың қауіпсіздігі, екіншісі – халыққа жайлы орта қалыптастыру. Оларда көлік жүргізушілерінің айлығы өте жақсы. Мәселен, Еуропада контролерлердің жылдық табысы 30 мың евро, айына 2500 евро алады. Біздің ақшаға шаққанда, айлық жалақылары – 1 миллион 200 мың теңге. Ал жүргізушілердің айлығы одан көп.

Бізге неге олай емес? Өйткені, бізде көлік жүргізушілерге деген көзқарас төмен, немқұрайдылық басым. Менің ойымша, олардың айлығы мемлекеттік қызметкерлердің жалақысынан кем болмауы тиіс. Бірақ, бір «но» бар. Біздің көлік жүргізушілер сағатына алады. Оларда «кестеден кешіктім, менің уақытым әлі келген жоқ...» деген сөз осыдан қалыптасқан. Аңы да болса шындық, біздің жүргізушілерде ешқандай жағдай жоқ. Мәселен, «Горный гигант» жақта №2, 48, 70, 124 автобустар тұрақтайтын соңғы аялдама бар. Сенсеңіз, ол жерде жүргізушілердің баратын дәретханасы жоқ. 5–10 минут аяқ жазып отыратын, арнайы демалатын орын қарастырылмаған. Жағдайы болмай тұрған адам жұрттың сөзін көтере ме?! Содан ашуға бой алдырады. Міне, бізде жолаушылар тарапынан жүргізушілерге қатысты айтылатын сын да, мін де осыдан шығады. Себебі, жағдайлары маз емес. Әрі-беріден соң адам – қоғамның басты құндылығы. Жүргізушілерге жағдай жасау арқылы біз қарапайым халыққа да жағдай жасаймыз. Сондықтан мен бұл алып шаһарда кезек күттірмей шешілуге тиіс мәселе деп ойлаймын. Ал мұның барлығын реттеу үшін бізге бір жүйе керек, – дейді ол.

Жолаушылар тасымалын барынша сапалы, халыққа жайлы ету жолында еңбек етіп келе жатқан маманның қоғамдық көлік қызметіне қатысты айтар ойы да, нақты ұсыныстары да жетерлік.

Ұсыныс қолдау тапса... біраз мәселе шешімін табады

Жақында «Логистика және көлік академиясында» Алматы қаласы Полиция басқармасы мен қоғамдық көлік компанияларының басшылары бас қосып, шаһардың көлік саласындағы мәселелерді жан-жақты талқылағаны белгілі. Жиын барысында мамандар Алматыда көлік саласындағы мәселелермен айналысатын «Қала логистикасы» оқу-әдістемелік ғылыми орталығын құруға шешім қабылдаған-ды. «Егер шаһар басшылығы «Қала логистикасы» орталығымен тығыз жұмыс жасайтын болса, көптеген мәселелер қарама-қарсы, «әкімшілік ресурстары» арқылы шешуді ұйымдастыруға болады. Оған қала әкімі мен мәслихат депутаттарының шешімі болса жетіп жатыр. Ұсынысымыз қала билігі тарапынан қолдауға ие болады деген үміттеміз», – дейді техника ғылымының докторы Ж.Жаңбыров.

2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік даму бағдарламасы негізінде елімізде урбандалу (қала тұрғындары) үрдістері үздіксіз жүруде. Демек, қала тұрғындары үшін қоғамдық көлік жүйесі мәселелері күннен-күнге маңыздылығы арта түседі және сұранысқа ие екені айтпаса да түсінікті.

Мамандардың есептеуінше, 2025 жылға қарай қоғамдық көліктегі күнделікті сапарлар 1,7 миллионға дейін ұлғаяды деп күтіліп отыр. Бұл көрсеткіш қазір шамамен 1,4 миллионның айналасында. Қалай болғанда да, жыл сайын шара қабылдауды талап ететін сала 2030 жылға дейін бір шешімін табатыны анық.

ТҮЙІН:

Алматыда аталмыш салада мүлде жұмыс жүргізілмейді дегеннен аулақпыз. Дейтұрғанмен, көлік саласындағы кемшілік тұстарды анықтап, одан шығудың жолын білікті мамандармен бірлесе отырып, шешіп жатсақ, оның зиянынан пайдасы көп болатыны сөзсіз.

Адам – қоғамның басты құндылығы. Жүргізушілерге жағдай жасау арқылы біз қарапайым халыққа да жағдай жасаймыз.

рынғылар «жол азабын жүрген білер» деп бекер айтпаған. Қалада көлік өте көп. Соны біле тұра, жүргізушілер кептелісті қолдан жасап алғандай көріп (оның ішінде өзім де бармын), секундты есептеп отырады. Сондықтан олар сәл нәрсеге бола ашуланып, оқыс қимылдарға баруға бейім. Олай болмайды».

Алматы – еліміздің қаржы орталығы, сан ғасырлық тарихы бар мәдени қала болғандықтан, мұнда алыс-жақын шетелдерден келетін қонақтар да, туристер де көп. Көптеген ЖОО-лар осында орналасқандықтан, республиканың түкпір-түкпірінен келетіндердің саны көбеймесе, азайған емес. Одан бөлек, Алматы бизнес орталықтар мен ұйымдардың қара шаңырағы. Сондықтан бізге жұмыс іздеп, қызметке орналасу үшін келетіндер бар. Алматының қоғамдық көлігі қаланың атына, затына сай болуы керек. Өйткені, мәдениет күре жолға да керек.

Жүргізушілерге жағдай жасау керек

Бүгінгідей нарық заманында барлық нәрсе ақшаға келіп тірелетіндігі белгілі. Ұзынқұлақтан естуімізше, жүргізушілердің алатын жалақылары жоспарды орындағанына қарай беріледі-мыс. Жұмажан Ғинаятұлы шетелдерде қоғамдық көлік жүргізушілерінің жағдайы біздегілерден әлдеқайда жақсы екенін айтады.

– Еуропаға барғанда мен ол жақты өзімізбен салыстырып көрдім. Оларда автобус жүргізушілеріне деген құрмет ерекше. Шетелдерде, тіпті мына Ресейде де қоғамдық көлік жүргізушілерін автобуска отырғызу үшін арнайы тесттен өткізеді. Мамандар мұны қала халқының қауіпсіздігі мен олардың жайлы жүріп-тұруы үшін өте маңызды деп есептейді. Одан кейін экологиялық ахуалға ерекше мән береді. Қысқасын айтқанда, олар қоғамдық көлік мәселесін бірінші орынға қояды. Яғни екі ұстаныммен жұмыс істейді. Бірінші – тұр-



САРАПТАМА

ИПОТЕКА РӘСІМДЕУГЕ ӘЗІРЛІК КЕРЕК

Баспаналы болудың ең кең тараған түрі – ипотека рәсімдеу. Еліміздің ірі қалалары мен өңірлерінде қаншама отбасы түрлі мемлекеттік немесе банктердің жекелеген бағдарламалары арқылы үйлі болып жатыр. Қазіргі кезде пәтер жалдап тұрудың құны қымбат, тапқан-тергеніміздің жартысынан көбі пәтерақыға кетеді. Сондықтан тұрақты жұмысы, табысы бар адамдар қаржысы өзгенің қалтасына кеткенше, түбінде өзіме қалатын үйдің ақысын төлейін деген мақсатта үйді ипотекаға алады.

Қаржы мамандарының айтуынша, ипотекаға үй алып, жаңа пәтерге жайланып қоныстану үшін де әжептәуір әзірлік керек. Өйткені, қазір банктер несиені әркімге онды-солды бере бермейді. Оның үстіне, ай сайын ипотекаға алынған үйдің қомақты сомасын төлеу оңай емес. Сондықтан тұрғын үй алуға несие рәсімдеуге дейін қандай даярлық жасау керектігіне қатысты бірнеше кеңесті назарларыңызға ұсынамыз.

АЛҒАШҚЫ ЖАРНАҒА АҚША ЖИНАУ

Ипотеканы алғашқы жарнасыз рәсімдеу мүмкін емес. Сондықтан банктен несие алуға бармас бұрын шотыңыздың бос болмағаны жөн. Сатып алатын үйіңіздің құнынан кемінде 20 пайыздай сомасы өз қолыңызда болса, ипотека алуға мүмкіндігіңіз де зор болмақ. Ол үшін ең алдымен алғашқы жарнаға ақша жинауды әдетке айналдырыңыз. Бұл бір жағынан болашақ ипотеканы төлеуге жаттығу әрі бюджетті жоспарлауға әдетті қалыптастырады. Алғашқы жарнаны қаншалықты молырақ жинасаңыз, соншалықты несие шарттары жеңілрек болмақ.

НЕСИЕЛЕРДІ ЖАБЫҢЫЗ

Ипотека ірі көлемдегі несие болғандықтан, бұған дейін алынған ұсақ-түйек несиелеріңізді төлеп тастауға тырысыңыз. Өйткені, алдын ала жүгіңізді жеңілдетіп қоймасаңыз, бірден бірнеше несиені төлеу оңайға соқпайды. Оның үстіне, банк ипо-

тека берерде бұрыннан жабылмаған несиелеріңіздің бар екенін көріп, өтінішіңізді қанағаттандырмауы әбден мүмкін. Есіңізде болсын, барлық несиеніңіздің көлемі табысыңыздың 50 пайызынан аспауы тиіс.

НЕСИЕ ТАРИХЫҢЫЗДЫ ТЕКСЕРІҢІЗ

Ең алдымен банк ипотека алушының несиелер тарихын мұқият тексереді. Несиелер тарихында бұрынғы және дәл қазір төленіп жатқан несиелер туралы толық ақпарат болады. Егер бұрын бірнеше рет несие уақытында төленбесе, кешіктіріліп төленсе, онда ипотекалық несиенің мақұлдануы қиындау. Өз несиелер тарихыңызды электронды үкімет сайты арқылы тексере аласыз. Егер бұрынырақта кешіктіріліп төленген несиелер болып, кейін толығымен төленген болса, кредиттік бюроға барып, несиелер тарихын түзетуге болады. Бір қызығы, егер несиелер тарихы мүлде жоқ, ешқандай кредит алынбаған болса да банктен оң жауап алу мүмкіндігі аз болады. Өйткені, банк мұндай адамның төлемге қабілетті немесе қабілетсіз екенін анықтай алмайды.

ЖҰМЫС ОРНЫН АУЫСТЫРМАҢЫЗ

Көптеген банктер несие алушының соңғы жарты жылда жұмыс орнын ауыстырмағанына да жіті назар аударады. Егер таяуда ипотекалық несие алуды жоспарлап жүрсеңіз, жұмыс орныңызды ауыстырмауға тырысыңыз. Бір мекемеде кемінде 6 ай тұрақты жұмыс істегеніңіз маңызды. Жиі-



жиі жұмыс орнын ауыстыру, біраз уақыт жұмыссыз жүру банктің сізге деген сенімсіздігін тудырады.

ТҰРАҚТЫ ТАБЫС

Ипоткaлық несие рәсімдеу үшін табысыңыз ресми болуы шарт, яғни зейнетақы жинағы мен тиісті салықтарға ай сайын жалақыңыздан жарна аударылып тұруы керек. Егер несие алушы жалақысының жартысын конвертке салынған күйде қолына алатын болса, яғни салық төленбесе, онда ол ресми кіріс деп есептелмейді. Ал ресми табысы несиені мақұлдауға жетпеуі мүмкін. Кейбір банктер табыс көзін растамай-ақ ипотекалық несие беріп жатады, алайда олардың шарттары едәуір күрделі, мезімі мен сомасы аз, пайызы көп болып келеді.

Зейнетақы жарналарының аз мөлшерде емес, нақты жалақыдан есептелетініне көз жеткізіңіз. Ол үшін ЖЗҚ үзіндісін оқып

шығыңыз. Үзінді-көшірмені зейнетақы қорының сайтынан онлайн алуға болады (<url> enpf.kz), электрондық үкіметтің (E-gov.kz) немесе E-gov mobile қосымшасында.

Егер бірнеше жерде жұмыс істесеңіз, бұл туралы банкке ақпарат беру керек. Бұл да несиені мақұлдау мүмкіндігін арттырады.

ҚОСЫМША ҚОРЫҢЫЗ БОЛСЫН

Ипотекалық несие рәсімдегеннен кейін ай сайынғы төлемді төлеу үшін бірнеше айдың ақшасын алдын ала жинап қойғаныңыз өзіңізге жақсы. Өмір болған соң түрлі жағдайлар боп жатады. Ауырып қалсаңыз немесе жұмыссыз қалсаңыз, қаржылық жағдайыңызды түзегенше алдын ала ипотеканың бірнеше айы төленіп тұрса, қиналмайсыз. Қандай жағдайда да ертеңін ойлаған адам ұтылмайды.

ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ДАҒДАРЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Отандық сарапшылар елімізде тұрғын үй бағасының тұрақтала қоюы екіталай екенін айтады. Баспана бағасы қымбаттамаса, арзандар емес. Алдағы уақытта көптеген құрылыс компаниялары жабылып қалуы да мүмкін деген болжамдар айтылуда. Елімізде құрылыс материалдары өте қымбат, оның үстіне үйге деген сұраныс төмендеп кеткен, яғни құрылыс саласы дағдарыс алдында тұр.



Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев үкімет басшысынан пайдалануға берілетін шаршы метр көлемін 18 миллионнан 15 миллионға дейін азайтуды ұсынған. Себебі, халықтың жаппай қалаға көшуіне байланысты ірі қалалардың инфрақұрылымы дайын болмай шықты. Сондықтан шаршы метр көлемін шектеп, кезең-кезеңімен арттыруды жоспарлаған. Ал Құрылысшылар одағының өкілдері бұл шешіммен келіспейді.

Олардың айтуынша, дәл қазіргі уақытта мемлекет құрылысшыларға қолдау көрсетуі тиіс. Өйткені, алдағы жарты жылда компаниялардың 10–15 пайызы жабылып қалуы мүмкін көрінеді. Нарықты толық зерттегендіктен, жүйесіз жұмыстан құрылыс нарығы құлдырап тұр. Құрылысшылар одағы өкілдері бұл

тығырықтан да шығу үшін халыққа жеңілдетілген ипотека беру керек деп санайды. Сұраныс көбейген кезде құрылыс та жандана түседі. Сонымен қатар, болашақ құрылыс алаңдарына қажетті инфрақұрылымды тарту үшін де қаржы бөлу қажет.

Қазақстан Құрылысшылар одағының басшысы Талғат Ерғалиевтің айтуынша, елімізде 3 миллиондай адам жалақыдан-жалақыға дейін зорға күн көреді. Сондықтан баспаналы болуға ақша жинайтындай мүмкіншіліктері жоқ. «Оларға көмек ретінде 5 пайызға дейін арзан несие берсе. Онда олар пәтерді де ала алады және ертең оны он жылда қайта қайтара алады», – дейді ол.

Құрылысшылар одағы басшысының болжамына сәйкес, енді елімізде пәтер құны түспейді, тек

өседі. Маманның айтуынша, кейбір құрылыс компаниялары кәсібін сақтап қалу үшін қолдағы пәтерлерінің бір-екеуін арзан бағаға сатып, есесіне нарық тұрақталғанда келесі баспананы қымбат бағаға өткізуі мүмкін. Сарапшылар болса, жақында облыс орталығы болған қалаларда құны негізсіз көтерілген үй бағасы арзандайды деп болжап отыр. Бірақ бұл нарыққа айтарлықтай әсер етпейді. Өйткені, елдегі инфляцияға байланысты баға өсе бермек.

«Бағаның өсетіні анық. Соңғы кезде логистикалық проблемалардың кесірінен біраз қиындықтар туындады. Ал шенеуніктер құрылыс көлемін азайтпақшы. Өйткені олар елге әлеуметтік нысандарды тұрғызып, инженерлік желілерді салып үлгермейді. Оның зардабын тұтынушылар тартады», – дейді Қазақстан Құрылысшылары қауымдастығының төрағасы Виктор Микрюков.

Кейбір сарапшылар құрылыс саласына мемлекет қолдауды көбейтсе, жағдай бұдан да бетер ушығады деп отыр. Олардың пайымынша, егер үкімет пайыздық мөлшерлемесі аз несие көлемін ұлғайтса, бірден сұраныс артып, баға тағы шарықтайды. Ал қарыз алған азаматтар үй алудан бас тартпайды. Қымбатшылыққа ұрынған борышкер қарызын өтеуге қабілетсіз болып, экономикалық дағдарысқа әкеп соғады. Сондықтан биліктің арзан ипотеканың қаржысын, көлемін шектеуі белгілі бір деңгейде сақтық шарасы деп қарастырады сарапшылар.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Елімізде құрылыс сапасына және оның ашықтығына бақылауды күшейту мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі белсенді жұмыс жүргізуде. Бірыңғай цифрлық ортада құрылыстың барлық қатысушыларын шоғырландыруға мүмкіндік беретін «Е-Құрылыс» порталы әзірленген болатын. Бүгінде портал жетілдіріле түсуде.



ЦИФРЛАНДЫРУ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ДА ЖЕТТІ

Құрылыс саласын цифрландыру шеңберінде «Ақпараттық модельдердің Мемлекеттік банкі» жүйесі енгізілуде. Ол құрылыс объектілерін онлайн форматта, оның ішінде ғимараттарды ақпараттық модельдеу (BIM) технологиясын қолдана отырып модельдеуге мүмкіндік береді.

Ал «Е- Құрылыс» онлайн-режимде үйдің қазаншұңқырын қазудан бастап пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңдегі құрылыс процестерін бақылауға мүмкіндік береді. Үлестік қатысу шарттарын есепке алу үшін «Қазреестр» енгізілді. «Е-Шаңырақ» платформасы ТКШ субъектілерінің бірыңғай жүйесі және тұрғын үй қорын басқарудың ашықтығын, ТКШ саласына мониторинг пен талдауды қамтамасыз етеді. «Маркетплейс» онлайн-платформасында компа-

ниялар құрылыс материалдарын өндірушілерден делдалсыз сатып ала алады.

«Жалпы, саланы цифрландыру бойынша қабылданып жатқан шаралар бюрократияны төмендетеді және құрылыстағы рәсімдерді жеңілдетеді. Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың инвестицияларының қатысуымен бір ғана объектілердің құнын арттыруды болдырмау үшін мемлекеттік сараптама порталында онлайн-калькулятор енгізе отырып, құрылысқа жұмсалатын шығындардың шекті лимиттері белгіленді.

Сондай-ақ, прайс-парақтардың орнына бірлі-жарым сметалық бағалар, сметалық бағалардың анықтамалықтары әзірленеді», – дейді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мамандары.

Бетті әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



БАЛА САУАЛЫ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кеше оқушы ұлым:

– Биыл оқу жылы онлайн болуы мүмкін екен. Апай чатқа солай жазды. Бірақ нақтысын тағы да қосымша хабарлаймын деді. Рас па, онлайн оқимыз ба екен? – деп сұрады.

– Ол жағын нақты білмедім, балам. Ал өзіне қандай форматта оқыған ұнайды? – деп өзіне сауал тастадым.

– Офлайн оқығым келеді. Себебі, өзіңіз білесіз, пандемия кезінде біраз сабағым нашарлап кетті, «төртке» шығып қалдым. Сабақты телефонмен оқығаннан гөрі, апайдың көзбе-көз айтқаны жақсы, тез түсінесің, – деді балам.

Жаны бар сөз. Демек, бала өзіне керектіні өзі біліп тұр. Содан ұлымның сауалына ресми жауап іздеп, ғаламторды ақтардым. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің zakon.kz-ке берген сұхбатын көріп қалдым. «Биыл эпидемиологиялық жағдай нашарласа, мектептер қашықтан оқытылуы мүмкін бе?» деген сұраққа жауап беріпті. Бас педагог онлайн оқытуға үзілді-кесілді қарсы екенін білдіріпті. Оның ойынша, бала білімді тек мұғалімнен емес, сыныптастарынан да үйренеді.

ҮЗДІК НӘТИЖЕ

ЖЕҢІМПАЗ ОҚУШЫЛАРҒА – 4,5 МЛН ТЕНГЕ СЫЙАҚЫ

Еліміздің білімді оқушылары аз уақыттың ішінде ең беделді халықаралық пәндік олимпиадалардан 3 алтын, 13 күміс және 7 қола медальға ие болып отыр.

Қазірдің өзінде ұлттық құрама 6 пән бойынша 23 медальға ие болды. Мәселен, Қазақстан командасы математикадан халықаралық олимпиадада (IMO) 3 күміс және 3 қола медальді жеңіп алып, бірден 174 ұпай жинады. Осылайша еліміздің олимпиадалық тарихында жаңа рекорд орнатты.

Еліміздің соңғы 12 жылында мұндай үздік нәтиже болмаған еді. Ал физикадан өткен халықаралық олимпиадада оқушыларымыз 1 алтын, 4 күміс медальға ие болды. Бұл да соңғы 8 жылдағы ең үздік көрсеткіш. Географиядан 1 қола медальға ие болсақ, биологиядан 3 күміс, 1 қола жеңіп алды.

Сонымен қатар, зияткерлік сайыста жас химиктер жоғары өнер көрсетіп, 1 алтын, 3 күміс жеңіп алды. Оның үстіне, бұл 2017 жылдан бергі алғашқы алтын болды. Біздің оқушыларымыз лингвистикадан халықаралық олимпиадада алғаш рет 2 қола медаль жеңіп алды.



«Қашықтан оқыту болмайды деп үміттенемін. Арасында болатын шектеулерге байланысты қашықтан оқытуға үзілді-кесілді қарсымын және бұл дәстүрлі оқытумен тең келмейді деп есептеймін. Бұл жерде мәселе тек білімде емес, мұнда әлеуметтану мен әл-ауқат мәселесі де бар. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауы керек. Өйткені, олар мұғалім сыныпқа келіп, жаңа тақырыпты түсіндіріп бергенде ғана емес, үзілісте немесе асханада бір-бірімен ара-

ласқанда да үйренеді», – депті министр Асхат Аймағамбетов.

Дегенмен, коронавирус оқтын-оқтын «мінез» көрсетіп, арамыздан әлі де жоғалмағанын білдіріп қойып жүр. Яғни қауіпті вирусты әлі де жұқтырып алып жатқандар көп арамызда. Ал егер өршіп кетер болса, оқушылар онлайн оқуға көшуі мүмкін бе?

«Бәрі мүмкін. Бірақ менің ұстанымым: қашықтан оқымауымыз керек. Былтыр аурушандықтың жоғарылағанына қарамастан, мектептерде инфекция өршімегенін көрдік. Мектепте оқыған балалар қашықтан оқитындарға қарағанда әлдеқайда аз ауырады. Өйткені, мектепте тәртіп көбірек сақталды. Мектептер ең соңында жабылып, бірінші болып ашылуы керек. Ал базар мен дүкендер ашық болып, мектеп жабылса, бұл дұрыс емес», – деп жауап беріпті Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов.

Біз де, ата-аналар да балалардың мектепке барып оқығанын қалап отырмыз. Баласының күнделікті сабағын қадағалап отыратын немесе бақылап отыра алмайтын ата-аналар бар дегендей, сондықтан шәкірттің мұғалімнің алдында отырғаны жақсы. Отбасына да, мемлекетке де білімді ұрпақ керек.



Сәтін салса, алдағы жылы информатикадан халықаралық олимпиада өткелі отыр.

Олимпиадаға қатысушылар биыл алғаш рет Президенттің қолдауының арқасында 4,5 млн теңге сыйақыға әрі ҰБТ тапсырмай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындарына

түсу үшін оқу грантына ие болады. Алтын медаль – 1500 АЕК, күміс медальға 1000 АЕК, қола медальға 500 АЕК теңге.

Сондай-ақ, оқушыларды жарысқа дайындаған ұстаздардың да еңбегі бағаланып, олар да біржолғы сыйақы алады.

ҚЫРАҒЫ КӨЗ

Қазіргі таңда Алматы қаласында 128 мыңнан астам бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Олар халық ең көп жүретін қоғамдық орындар мен жол қиылыстарына орнатылған.



Мектебіңізде бейнебақылау камерасы бар ма?

Алматы полициясының мәліметінше, қалада 128 186 бейнебақылау камерасының 4251-і – «Қауіпсіз аула» қағидаты бойынша көпқабатты үйлерде, 10103-і – адам көп шоғырланатын орындарда, 5892-сі – көшелердің желілік учаскелерінде, кіреберіс және шығу жолдарында, сондай-ақ көше қиылысында орналасқан.

Оның ішінде 5034 камерадан тұратын 776 «Сергек» ҚХА бекеті бар. Олардың көмегімен 2022 жылдың 6 айында 364 988 жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелді.

Білім беру нысандарында – 11 979 камера; мектепке дейінгі мекемелерде – 6132 камера; денсаулық сақтау нысандарында – 1322 камера; басқару формасы әртүрлі мекемелерде – 98 355 камера; қоғамдық көлікте – 1437 камера және т.б.

СТИПЕНДИЯ

Шәкіртақы өседі

Биылғы жылы студенттер мен докторанттардың шәкіртақысы да өсетін болды. Яғни докторанттарға берілетін стипендия 3 жыл ішінде 82 мыңнан 200 мыңға дейін артады.



Жоғары оқу орындарына берілетін грант саны да екі есе ұлғайды.

Бағдарламалық құжаттар арқылы 2025 жылға дейін стипендияны, оқытушылардың жалақысын, студенттік гранттар санын және ғылымды қаржыландыруды ұлғайту үшін қаржыландыру мен міндеттемелер белгілі. Сәуір айында жоғары оқу орындарының ректорларына берілген қосымша тапсырмаға сәйкес 2022 жылдың қыркүйегінен бастап университеттеріміздегі оқытушылардың жалақысы тағы да көтерілетін болды.

ЕҢБЕКАҚЫ

Жалақы тағы да көтеріледі

Қыркүйек айынан бастап елімізде университет оқытушыларының жалақысы көтеріледі.

Жоғары оқу орнына жаңадан келген оқытушыға 1 ставка үшін кемінде 200 мың теңге бекітілсе, профессордың жалақысының минималды деңгейі 350–400 мың теңге болды.

КЕРЕК ДЕРЕК

Ректорлар есеп береді

Еліміздің Жоғары оқу орындары коммерциялық емес акционерлік қоғам формасына көшірілді.

Енді түскен табысты мемлекеттік бюджетке жібермей, университетті дамыту үшін бағыттауға мүмкіндік бар. Корпоративтік басқару – университеттерді дамытудың өте перспективалы құралы.

Бұдан былай Директорлар кеңесі мен ЖОО басқармалары, ректор өз позициясын қорғай алатын алқалы органдар ретінде әрекет етеді.

Осыған орай, енді тек ұлттық жоғары оқу орындары ғана емес, барлық университеттің ректорлары жыл сайын қол жеткізген академиялық көрсеткіштер жайында ғана емес, бюджеттің атқарылуы туралы да халық алдында есеп беретін болды.

Мықтыларға жеңілдік бар

Биыл көптеген оқу орындарының өз үлгісінде диплом беруі мамандарды даярлау сапасына жауапкершілігін арттыру үшін жасалған үлкен қадам болды.

Бұған қоса, жалған дипломнан қорғау үшін қол қою талаптары енгізілді. Ең бастысы, бұдан былай әрбір жұмыс беруші QR технологиясын қолдана отырып, дипломның түпнұсқасы мен шынайылығын тексере алады.

Жалпы, биылғы жылы ЖОО-лардың білім бағдарламасының тізіміне 15 мыңнан астам бағдарлама енгізілсе, оның 7 мыңы – жаңадан енгізілді.

«Мықты университеттерді тексеруден босату туралы бұйрық дайындалды. Жұмыс берушілер рейтингінде 1–3 орындарды иеленген университеттер және жоғары әлемдік рейтингке енген университеттер жоспарлы тексерулерден босатылады», – деді Асхат Аймағамбетов.

Сызуды білмесең, сәулетке барма!

Сәулет және құрылыс саласын таңдаған түлектер мектепте сызу пәнінің оқытылмауынан қиналып жатқан сыңайлы.

Елімізде техникалық білім беру ісін қолға алу туралы жиі айтылады. Дегенмен, техникалық білімнің негізі, дайындық базасы – сызу пәні.

Қазір мектепте сызу пәнін оқымаған түлектер қиналып жатыр. Өйткені, оқуға түсу емтиханының шығармашылық бөлімінде сызу пәні әлі де бар көрінеді.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЗАҢ РЕТТЕЛМЕЙ, ТУРИЗМ ДАМУМАЙДЫ

Жаз – демалысқа шығып, қаланың тынымсыз тіршілігінен бір сәт босап, тынығатын қолайлы орын іздейтін мезгіл. Әрине, жылына бір келетін еңбек демалысында жақсылап демалғанды кез келген адам жөн санайды. Бірақ еліміздегі демалыс орындарының бағасына елдің көпшілігі наразы. Соңғы жылдары Қазақстанда демалғаннан гөрі шетелде демалу тиімді әрі арзан деген де әңгіме айтылып жүр.



Демалыс орындарына баратындардың қатары карантин уақытында да азмайғанын ескерсек, қазір қала аумағындағылардың «саудасы» жүріп тұрғаны белгілі.

«Еңбек демалысым жақындаған тұста қалаға жақын, арзан және қолайлы демалыс орындарын іздей бастадым. Бағаларын салыстырып, бұрын демалып келген таныстарымның әсері мен пікірін сұрадым. Таңдауым қала маңындағы бағасы орташа тынығу орнына түсті. Санитарлық

талаптар толық сақталғанымен, табиғаттың тазалығына бейжай қарайтындар көп. Демалыс орындарынан емес, демалушылар тарапынан көптеген заңсыздық болады», – дейді алматылық Майра.

Елдегі бағасы жоғары демалыс орындары сын көтере ме, ондағы заңсыздықты болдырмаудың жолы қайсы? Демалу бағасы олар ұсынған қызмет пен бағаға сәйкес келе ме? Осы сұрақтар төңірегінде мамандардың пікірін білген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Эрита БЕРМАҒАМБЕТҚЫЗЫ,
қаржы кеңесшісі:

СҰРАНЫС БАР ЖЕРДЕ БАҒА ЖОҒАРЫ

Қазіргі кезде барлық жерде – қымбатшылық. Демалыс орындары бүгінгідей маусым уақытында бағаларын бірнеше есе қымбаттатады. Шетелдегі баға мен сапаны біздің елде де неге жасамасқа деген сұрақ туындайды. Себебі, біздегі курорттық мезгіл тек 3-ақ ай. Демалыс орындарының басшылығы 1 жылдық шығынын 3 айға бөледі. Сұраныс бар жерде баға да өседі. Бірақ сол бағаға сәйкес шетелдегідей сапа жоқ. Сапаны жақсарту үшін демалыс орындарындағы демалушыларға қызмет көрсететін қызметкерлерді оқыту керек. Ал ол қаражатты талап етеді. 3 айлық жұмысқа жастар, студенттер ғана барады. Сапаның төмен болатыны да сондықтан. Егер біздің курорттық демалыс орындары жыл бойы жұмыс істеп тұрса, шетелдегі секілді сапа әрі бәсеке болады. Кез келген мемлекетте жаз мезгілінде 20–30 пайыздай өсім болады. Оның себебі түсінікті. Жаз – курорттық мезгіл.

Қазақстанда туризм пайдалы кәсіп түріне жатпағандықтан, дамымай тұр. Елдің экономикасына, халықтың жағдайына демалыс орындары ұсынған баға мен сапа сәйкес келмейді.

Шапағат СЕРІКҚЫЗЫ,
гид:

ТУРИСТІК МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСПАҒАН

Демалыс турларын қала маңындағы табиғаты әсем жерлерге ұйымдас-тырамыз. Саяхатқа шықпас бұрын демалушыларға санитарлық талаптар, демалыс орнындағы тәртіпті сақтау түсіндіріледі. Осыдан 2-3 жылға қарағанда қазір демалушылар саны едәуір артқан. Арнайы еңбек демалысын күтпей-ақ, сенбі-жексенбіні пайдаланып саяхаттайды. Қазір қысқа мерзімді турларға Қазақстанда сұраныс жоғары деп ойлаймын. Бірақ кейбірінің туристік мәдениеті көңілінен шықпайды. Баратын жерлер лас, қай жерде адам көп жиналады, сол жерде қоқыс шашылып жатыр.

Алматыдағы әдемі жерлерге демалу үшін біздің тұрға шетелдік туристер де жиі келеді. Олардың айтуынша, басқа елдерге қарағанда, Қазақстанға келу қиын. Қағаз жүзіндегі жұмыстар күрделі, өте баяу жүреді деп шағымданады. Шынымен солай болса, ол кедергілерді жеңілдетсек, қаламызға одан да көп турист келер еді.

ПОЛИЦИЯ

Ұрылар ұсталды



Алматы полициясы 4 көлік ұрлаған ұрыларды ұстады. Қазіргі уақытта жедел уәкілдер Түркістан облысының 32 жастағы тумасы мен оның сыбайласы, 40 жастағы азаматтың есебінде көлік ұрлаудың төрт дерегі бар екендігін анықтады.

«Көлік ұрлагандарды әшкерелеу және ұстау іс-шарасын біздің бөлімше қызметкерлері Медеу аудандық ПБ-на қарасты полиция бөліміндегі әріптестерімен бірлесіп жүргізді. Қаланың Медеу ауданында қаскөйлер 4 көлікті ұрлап кеткендігі анықталды. Қазірдің өзінде 3 көлік табылып, заттай айғақ ретінде қылмыстық іс материалдарына тіркелді. Төртінші көлік Toyota Vista әлі табылған жоқ. Ұсталғандардың бірі ұрланған көліктегі аккумуляторды металл қабылдау орнына тапсырып жатқан видеоны тәркіледік, – дейді Алматы қалалық ПД Криминалдық полиция басқармасының бастығы Қуатбек Науатов.

Қазір полицейлер ұсталғандардың қалада жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексеріп жатыр. Айыпталушылар қамауға алынды.

ТЕРГЕУ

Аяқкиімге жасырған

Алматыда тергеу изоляторына поштамен келген телефон тәркіленді.

Жуырда Алматы қаласындағы тергеу изоляторында тыйым салынған заттарды өткізудің 2 фактісі анықталды. Бұл жолы сотталғанға Қазпочта арқылы келген электр шәйнегінің түбіне жасырылған ұялы телефон табылды. Қазір тыйым салынған затты поштамен жіберген 33 жастағы күдіктіге қатысты тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, сотталғанға жіберілген есірткі ұнтағы ЛА-155/18 мекемесінің жедел бөлімінің ақпараты бойынша тәркіленді. Тергеу изоляторының сәлемдемелерді қабылдау-тарату бөлмесінде қолға түскен адам «сәлемдемесін» аяқкиімнің ұлтанына жасырыпты. Аталған факт бойынша Алматы қаласы Түрксіб ауданы Полиция департаментінің жедел-тергеу тобы шақырылып, заңсыз әрекет ПД-нің ақпаратты есепке алу кітабына тіркелді.



ЕРТЕҢ – МЕДИАЦИЯ КҮНІ

Дау-дамайсыз келісім

Медияция қазаққа таң-сық ұғым емес. Бұған дейін де газеттің осы айдарына медияция туралы тарқатып, пайдасы мен ұтымды тұстарын жазғанбыз.


Жалпы, ұғымның өзі – тараптар арасындағы дауды шешудің ең ыңғайлы жолы. Шетелде бұл тәжірибе ертеден қолданыста. Әсіресе, Америка мен Еуропа елдерінде дамыған. Сол үшін шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, 2011 жылы 5 тамызда елімізде «Медияция туралы» заң қабылданды. Дауларды шешудің тиімді жолы сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс алып келді, медияцияны дамыту орталығы құрылды.

Медиаторлардың негізгі міндеті – дау-дамайды азайту, этносаралық қақтығыстарды болдырмау.

Қазақстан кәсіби медиаторлары мен құқықтық кеңесшілерінің айтуынша, Қазақстан бойынша барлығы 70 кәсіби медиатор тіркелген. Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық Медияция кеңесінің мүшесімін. Яғни этно-медияция қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі. Этно-медияция ел арасында татулық пен бірлікті сақтау мақсатында үнемі насихат жұмыстары жүргізілу керектігін, мемлекеттік орган қызметкерлерінің халықпен тығыз байланыста жұмыс атқаратын қызметкерлерін медияция тетіктеріне оқытуды ұйымдастыруды талап етіп, әкімшілік процестік рәсімдік кодекстегі медияцияны қолдану туралы насихат жұмыстарын кеңінен тарату керек деп білемін.

Қауымдастықтың құрылғанына 5 жыл толды. Қысқа уақыттың ішінде 2000-нан аса медияция жасалды. Соттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, дауластыратын емес, татуластыратын сотсыз дауды реттеу іс-шараларын атқарып келеді. «Қазақстан кәсіби медиаторлары мен құқықтық кеңесшілерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, заңгер-медиатор Дана Кенжекұлова сотқа жүгінушілердің қатары азаяды деген сенімде.

Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.





СИЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

XXI ҒАСЫР ЖАРЫСТАРЫ

Әлем бойынша миллиондаған жанкүйерлері бар футбол, хоккей, бокс сынды спорт түрлеріндегі тарих тамыры өте тереңге кетеді. Олардың әрқайсысы жылдар өте жаңа ережелермен жетіліп, толықтай қалыптасып үлгерген. Алайда, пайда болғаны көп болмаса да, аз уақыт ішінде адамдардың жүрегін жаулап үлгерген жаңашыл жарыстар мен ойындар да жоқ емес. Назарларыңызға салыстырмалы түрде жақында пайда бола тұра, көпшілік қызығушылығын туғыза білген спорт түрлерін ұсынамыз.

Скейтбординг

Қолына скейтборд (сырғанауға арналған тақтай) ұстап, қаланың түкпір-түкпірінде баспалдақтан секіріп, әрі-бері сырғанап жүрген қыз-жігіттерді Алматы көшелерінде көрген боларсыздар. Бұл сізге әдетте тек жастар арасындағы хобби ретінде көрінуі мүмкін, алайда скейтбордпен сырғанаудың олимпиадалық спорт түрі екенін және жалпы осы бағыттың скейтбординг деп аталатынын білесіз бе?

Скейтбординг – арнайы сырғанауға арналған тақтай арқылы экстремалды іс-әрекеттер жасалатын әлемдегі қарқынды дамытып келе жатқан жас спорт түрі. Бұл бағыт өз бастауын Калифорнияның (АҚШ) серферлерінен алады. Скейтбординг 1930 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында пайда болған. Мұхитта толқын жоқ кезде шеберліктерін шыңдай алмаған калифорниялық серферлер жаттығуды ағаш тақтайға дөңгелек орнату арқылы қарапайым көшелерде жасай бастайды. Осылайша дүниежүзіндегі ең танымал көше спорты пайда болған. Алғашқы скейтбордтар ағаш қораптарға дөңгелек жапсыру арқылы жасалған. Кейінірек бұл бағыт көпшіліктің қызығушылығын тудырғанда, бүгінгіге ұқсас арнайы спорттық тақтайлар дайындала бастады.

Скейтбординг бойынша алғашқы жарыс 1965 жылы өткенімен, бұл спорт түріне деген шынайы қызығушылық 1980 жылдары өсе бастады. Оған Алан Гелфанд, Джордж Ортон, Тони Альва және Родни Маллен сынды әйгілі скейтбордшылардың аталмыш спортқа жаңашыл экстремалды трюктарды әкелуі себеп болса керек. Қазіргі уақытта скейтбординг олимпиадалық спорт түріне айналды. Халықаралық Олимпиада комитетінің 2016 жылғы шешімімен жазғы олимпиададағы алғашқы жарыстар 2020 жылы Токиода өтті. Сондай-ақ, скейтбординг бойынша жарыс-

тарды 2024 жылы Париж олимпиадасында да тамашалай аласыз. Пайда болғанына ғасыр толған жас спорт түрінің әлемнің басты бәсекесіне енуі скейтбординг дамуының көрсеткіші екені сөзсіз.

Брейкинг

Брейкинг – скейтбординг секілді өткен ғасырдың екінші жартысында танымалдылыққа ие болған көше спорты. Нақты айтқанда, брейкинг немесе брейк-данс – 1970-жылдардың басында АҚШ-тың афро-америкалық және пуэрторикандық жастар арасында пайда болған көше билерінің спорттық стилі.

Алғаш рет брейкинг АҚШ-тың Бронкс қаласында 1973 жылы пайда болды. Бұл терминді ямайкалық диджей Кул Герк ойлап тапқан. Ол брейк-данс билейтін жігіттерді «би-бой» деп, ал қыздарды «би-герл» деп атаған. Осы бағыт бойынша алғашқы көрсетілім кеші 1973 жылы 11 тамызда өткен. Онда ең бірінші «би-бой» саналатын Sau Sau лақап аты бар пуэрторикандық өнер көрсетеді. Одан кейін 1970 жылдардың аяғына қарай бұл спорт түрінің қарқыны бәсеңдеп қалады. Алайда, 80-жылдардың басында биге жаңа қозғалыстар әкелген пуэрторикандық брейкингке жаңа дем беріп, оның ары қарай тек Нью-Йорк маңында емес, бүкіл әлемге тарауына әсер етеді. «Брейк-данс» термині алғаш рет баспасөз бетінде 1981 жылы қолданылады. Сондай-ақ, 1983 жылы

осы спортқа арналған «Жарық еткен би» («Flash Dance») фильмінің шығуы брейкинг дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Халықаралық Олимпиада комитетінің шешімімен брейкинг 2024 жылғы Париждегі олимпиада бағдарламасына қосылды. Айта кеткен жөн, бүгінгі күні брейкингтен Қазақстан ұлттық құрамасы әлемдік рейтингте үздік үштіктің қатарына кіреді.

Киберспорт

Әлемдегі ең жас спорт түрлері туралы айтқанда, киберспорт бағытын айналып өте алмаймыз. Киберспорт – компьютерлік бейне ойындар негізінде өтетін командалық немесе жеке жарыс.

Киберспорт тарихы 1994 жылы желі арқылы өзге адамдармен бірге ойнауға мүмкіндік беретін Doom-2 ойынының шығуынан басталады. Одан кейін АҚШ-та Quake ойынының танымал болуының арқасында 1997 жылы киберспортшылардың бірінші лигасы – Cyberathlete Professional League пайда болады. Лига халықаралық деңгейіндегі киберспорт әлеміндегі алғашқы жарысқа айналды.

CPL мақсаты – компьютерлік ойындардағы бәсекелестікті арттырып, киберспортты іс жүзінде спортқа айналдыру болды. Бастапқыда лига Quake сериясының негізінде ғана ойын өткізді, бірақ 2001 жылдан бастап жарыс қатарына Counter-Strike ойыны да қосылды.

Жалпы, осы бағыттағы жарыстардың жүлде қоры бірнеше миллион АҚШ долларына жетуі мүмкін. Мысалы, Dota 2 The International турнирі қаржылай төлем бойынша бірнеше рет рекорд орнатты: 2017 жылы \$25 млн, 2018 жылы – \$26 млн, 2019 жылы – \$34 млн ойнатылды.

Бүгінгі күні киберспорт әлемнің көптеген елдерінде ресми спорт ретінде мойындалған, оның қатарында Қазақстан да бар. Елімізде тиісті заң 2018 жылы 25 маусым күні қабылданды. Ал 2017 жылы құрылған Qazaq Cybersport Federation (Қазақстанның Киберспорт Федерациясы) 2020 жылы ҚР Ұлттық Олимпиада комитетімен ресми орган ретінде мойындалды.

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ

Алматылық қыздың
жұлдызы жанды

Мәнерлеп сырғанаудан
Қазақстан чемпионаты өз
мәресіне жетті.

Жасөспірім қыздар арасында өзінің мұз үстіндегі шеберлігімен алматылық Софья Фарафонова көрермендер мен әділқазыларды тәнті етіп, чемпион атанды. Екінші-үшінші орындарға астаналық спортшылар Анна Левковец пен Нүрия Сүлеймен жайғасты.

Жасөспірім жігіттер арасында Нұр-Сұлтан қаласынан келген Диас Жүргенбаевқа жететіндер болған жоқ, ол алтын медальға ие болды. Екінші орын да елордалық мәнерлеп сырғанаушы Ахат Бралинге бұйырды. Үздік үштікті Олег Мельников (Шымкент) түйіндеді.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

Шетелдік мамандар шақырылды

Халықаралық мамандар
Қазақстанға келіп, әртүрлі
спорт түрлерінен тәжірибе
алмасуда.

Қара белбеу иегері, джиу-джитсудан АҚШ құрамасының жаттықтырушысы Адам Фокс Қонаев қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында мастер-класс өткізді. Ол өзінің баға жетпес тәжірибесімен, шеберлік пен табыстың құпиясымен бөлісіп, жас спортшыларға жаңа белбеулер табыстады.

Халықаралық маманның шеберлік сағатына құрамында халықаралық турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар 30-ға жуық жас спортшы қатысты. Айтулы шараның ашылу салтанатына Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев, Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл, «Sagadat batyr – QTT» клубының президенті Ерболат Тұрымбетов қатысты.

Сондай-ақ, дзюдодан Қазақстанның ұлттық құрамасының Азия чемпионаты дайындығына француз мамандары қосылды. Тәжірибелі спортшылар Ксавье Мендес пен Стефан Рено арнайы бағдарлама аясында ересектер құрамасымен қатар, жасөспірімдер мен жастар командаларына да шеберлік сағаттарын өткізеді.

«Бүгінгі күні Францияда дзюдо өте жақсы дамыған, бұл осы елдің нөмір бірінші



спорты десек те болады. 2022 жылды қосалғанда, Олимпиада ойындарының, Әлем чемпионаттары мен әлемдік жарыстардың қорытындысы бойынша Француз дзюдошылары Жапония құрамасынан озып, бірінші орынға ие болды.

Бұған дейін Қазақстанға келген екі маман дзюдодан Франция құрамасының жаттықтырушылары болып жұмыс істеген. Біреуі спортшылардың физикалық дайын-

дығына, екіншісі – ұлттық құраманың жеуілі жұмысына және ұлттық құраманың стратегиясына жауап берді. Сондай-ақ, екі маман да Алматыдағы жастар құрамасының оқу-жаттығу жиындарына қатысып, жастармен кездесті. Қазіргі уақытта ерлер және әйелдер құрамаларымен бірге оқу-жаттығу жиындарына қатысып жатыр», – деді Қазақстан дзюдо федерациясы президентінің міндетін атқарушы Асхат Жіткев.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

«МАЙМЫЛДАР ПАТШАЛЫҒЫ» МАЙДАН АШПАСЫН

Коронавирусықа шешек қосылса не болады?

Жаз бойғы дамылды тыныштықтан соң байырғы таныс тәжді тажалдың қайта оралғаны байқалып отыр. Әсіресе, ел астанасындағы жағдай қауіпті. Біздің Алматы да қатерлі жағдайда. Сандық түбіне зытқан бетпердеге қайта қол жүгірттік.



Өмірзақ
МҰҚАЙ

Қазір Нұр-Сұлтан қаласы «сары» аймақта. Әлбетте, коронавирусты ешкімнің сағынбағаны, одан да бетер күтпегені айдан анық. Алайда, қазақ даласына ұмытыла бастаған «ескі таныстың» қайта оралған жәйі бар.

«Құдай бір айналдырғанды шыр айналдырады» демекші, коронавирустан ығыр болған жаһанға жаңа бір дерттің қатері тағы төніп отыр. Шошқа, тауық тұмауын бұрын да көргенбіз. Бұл жолғы адамзатқа қауіптің «маймылдар патшалығынан» төнген жәйі бар.

Сөйтіп, бас ауырып, балтыр сыздай қалса, бұл коронавирус па, әлде маймыл шешегі ме деп, үрейленетін жағдай туды. Екеуі де – қатер, екеуі де – өмірге қауіп. Ауыра қалсаң, осы екі дерттің қайсысы деп үрейленетін жағдай келді.

Әлдебіреуден «тәжді тажалға үйрендік қой. Одан да «маймыл шешегі» жаман көрінеді...» дегенді де естідік.

Шынында да, коронавирусықа байланысты біраз тәжірибе, сабақ бар. Ал «маймыл шешегі» шынында да ел білмейтін дерт. Соңғы деректерге қарағанда, «маймыл шешегі» әлем бойынша 81 елде байқалып отыр. Өткен аптада Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымы маймыл шешегіне байланысты әлемде төтенше жағдай жариялады. Бүгінге дейін әлем бойынша бұл дерттен 5 адам қайтыс



болған. Ал іргелес Еуропадағы шығын – 2 адам.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті осы дерттен емдеудің және диагностиканың емханалық хаттамасын жариялады.

Оған сәйкес маймыл шешегімен науқастар 2-3 апта ауырады. Өлім қатері 10 пайызға тең.

Соңғы деректерге сәйкес, аталмыш аурудың Қазақстан аймағына тарамыуы үшін санитарлық-профилактикалық шаралар жүргізілуде. 17 әуежайда, 5 теміржол торабында, 2 теңіз айлағында бас-аяғы 39 санитарлық-карантин пункттері жұмыс істеп тұр.

Бір шүкіршілігі, әзірге республика аймағында маймыл шешегі тіркелген жоқ. Негізінен, аурудың алдын алу үшін жұқпалы дерт тіркелген Африканың және басқа мемлекеттердің бізге келген азаматтары мұқият тексеріледі.

Қазақстандағы Бүкіләлемдік Денсаулық

сақтау ұйымының кеңсесі берген деректерге қарағанда, қазір маймыл шешегінен емдеу үшін теріні күтетін, ауруды басатын, ыстықты түсіретін дәрі-дәрмектер қолданылады. Оған антибиотиктер, С дәрумені және басқа да жартылай дәрумендер қосылады.

Ел билігі коронавируспен қоса осы ықтимал дертпен күресудің де жолдарын қарастыруда. Қазір жұқпалы аурулар ауруханалары вирусықа қарсы дәрілік препараттар қорымен толық жабдықталған. Дезинфекциялық заттар да жеткілікті.

Сактансаң, сактаймын дегенді Денсаулық сақтау министрлігіндегілер берік қадағалап отыр деуге толық негіз бар. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті берген деректерге қарағанда, маймыл шешегі шығуы мүмкін науқастар оқшауландырылған палаталарда емделетін болады.

Бір сөзбен айтқанда, республика жаңа ықтимал қатердің алдын алуға толықтай әзір отыр деуге толық негіз бар.

МЕДИЦИНА

Дәрі-дәрмек жеткілікті

Емханаларда 80 мың адамға жеткілікті дәрі-дәрмек қоры бар.

Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният айтты. Министрлік дәрі-дәрмек, вакцинамен қамтамасыз студі тұрақты бақылауында ұстап отыр.

«Науқастарға керек дәрі-дәрмек жеткілікті. Ауруханаларда дәрі-дәрмектің 16 атауы бойынша екі айлық қоры қамтамасыз етілді. Ал емханалар мен амбулаторияларда 1,3 млрд теңгеден астам сомаға дәрі сатып алынып, қор жасақталды. Бұл өз кезегінде 80 мың адамға жеткілікті», – деді А.Гиният. Оның айтуынша, қосымша бірыңғай дистрибьютор қоймаларына 4 млрд теңгеге дәрі-дәрмек алынды.

«Министрлік дәрі-дәрмек, вакцинамен қамтамасыз студі тұрақты бақылауында ұстап отыр», – деді ведомство басшысы.

Бұдан бұрын хабарланғандай, «қызыл» аймақта шектеу шаралары денсаулық сақтау жүйесінің жүктемесіне байланысты екі кезеңмен қабылданады. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов әкімдіктерге халықты вакциналау және ревакциналау жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Сондай-ақ, елімізде коронавируспен ауырғандарға бөлінген төсек-орындарды бақылау енді онлайн-режимде жүргізіледі. Ажар Гинияттың айтуынша, бұл карта әкімдіктерге, денсаулық сақтау басқармаларына қолжетімді және күнделікті шешім қабылдауға ыңғайлы. Индеттің ең көп таралуы қазір еліміздің 6 өңірінде байқалады.

Бұл – Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстары. Ал Алматыда соңғы бір аптада жағдай жақсарғанын айта кеткен жөн. Жалпы, еліміз бойынша инфекциялық төсек-орындар 30%-ға, реанимациялық орындар 7%-ға толтырылған.

«Ауырған адамдардың 80%-ы вакцина алмағандар немесе 6 ай бұрын алған адамдар екенін ескерсек, уақытылы КВИ-ға қарсы ревакцинациямен қамту қажет екендігін көрсетеді. Бүгінгі күні ревакцинацияны 5 млн-нан астам адам алды. Сонымен қатар, бұл жұмыс 3 өңірде дұрыс деңгейде орындалып жатқан жоқ, яғни көрсеткіш 55%-дан төмен. Бұл – Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары», – деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

АПТАП ЫСТЫҚТАН АБАЙЛАҢЫЗ



Досбол
АТАЖАН

ИСПАНИЯ

Шілде айында Испанияда қатты аптап ыстықтан 2 мыңнан астам адам қайтыс болған.

Карлос III денсаулық институтының мәліметтері бойынша, елдегі ауа температурасының тым жоғары болуына байланысты 2176 адам қайтыс болды. Ресми мәліметтерге сәйкес, бұл 2015 жылдан бастап жаз айындағы өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші.

«Көптеген өлімнің себебі – жылу күйзелісі не жылу соққысы. Ол бірден адамның бірнеше мүшесіне теріс әсер етеді және ақыр соңында өлімге әкеледі», – деді Испанияның отбасылық және жал-

пы тәжірибелік дәрігерлер қоғамының өкілі Лоренцо Арменерос.

Зерттеушілер қайтыс болғандардың көп бөлігі 85 жастан асқан адамдар екенін айтты.

ҚЫТАЙ

Қытайдың бірнеше аймағында аптап ыстық салдарынан қауіптің «сары» деңгейі жарияланды.

Қытайдың ұлттық метеорологиялық орталығы (ҰӨО) елдің көптеген өңірлерінде ыстық ауа райына байланысты «сары» деңгейі жарияланғанын ескертті.

Қытай метеорологиялық орталығы жергілікті тұрғындарға ыстық ауа райының шыңы кезінде ашық аспан астындағы іс-шаралардан аулақ болуды, ал жоғары температураға ұшыраған жұмысшылар мен ұзақ уақыт бойы ашық ауада

жұмыс істейтін адамдарға қорғаныс шараларын қолдануды ұсынды. Қытайда ауа райының қолайсыздығы туралы төрт деңгейлі ескерту жүйесі қабылданған. Ол бойынша ең жоғары қауіп деңгейі қызыл түспен, одан кейін қызыл сары, сары және көк түстермен белгіленеді.

ФРАНЦИЯ МЕН
ПОРТУГАЛИЯ

Франция мен Португалия ормандары ыстық ауа райының жаңа толқынына байланысты отқа орануда.

Жексенбі күні аптап ыстықтан өрт Францияның Обе аймағында басталып, 370 гектар орманды жойған. Айтпай келетін апат кезінде екі үй, екі қойма мен үй-жайға арналған вагон өртеніп кеткен. Өрт

сөндірушілер осы уақытқа дейін қауіпті аймақта қалып, отпен күресуді жалғастыруда.

Сондай-ақ, демалыс күні Португалияда Лиссабоннан солтүстікке қарай 40 шақырым жерде жаңа өрт ошағы пайда болды. 400-ге жуық өрт сөндіруші, бес ұшақ пен тікұшақ өртті сөндіруге тырысып жатыр. Бірақ күн ыстық болуына байланысты отты толықтай өшіру мүмкін болмай тұр.

ҚАЗАҚСТАН

Метеорологтардың болжауы бойынша, тамыз айының басында Қазақстанда ауа райы салқын болады. Дегенмен, ай ортасына қарай ауа райы қайтадан ыстық болуы мүмкін.

Қазгидромет тамыз айының салқын ауа райынан басталатынын

хабарлады. Айдың басында елдің солтүстік жартысында салқын ауа райы солтүстік суық антициклонның әсерімен байланысты болады. Түнде термометр бағаналары 7-15°C дейін төмендейді, күндіз ауа 17-22°C дейін қызады. Алайда, бірінші онкүндіктің соңында солтүстік аймақтарда күн жылынады: түнде 18-23°C, күндіз 25-33°C бағананы көрсетеді.

Оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерде бірінші онкүндік ішінде температура мынандай болмақ: түнде 15-20-дан 20-25°C-қа дейін, күндіз 25-32-ден 33-40°C-қа дейін көтеріледі. Жаздың соңғы айы күн салқындаумен аяқталады.

Дәрігерлер алдағы ыстық күндері далаға көп шықпауға, көп су ішуге және барынша бас киім киіп жүруге кеңес береді.



КЕРЕК КЕҢЕС

ТОСАП ТА БІР ТАҒАМ

Рая
ЕСКЕНДІР

Жылдың қай мезгілінің де өзіндік ерекшелігі бар. Әсіресе, берекенің бастауы жаз мезгілі ауыл шаруашылығына да, үй шаруашылығына да өте қолайлы. Сондықтан дәл осы мезгілде қыстың қамын жаз ойлаған қыз-келіншектер тосаптың сан түрін дайындап алады. Дегенмен, биылғы жылы қанттың тапшылығы сәл қолбайлау болып тұр. Соған қарамастан, құмшекерді аз мөлшерде қосып та тосап дайындауға болады екен. Құрамында бай дәрумен сақталған жеміс-жидекті сол қалпында тоңазытқышта сақтап, қажет кезінде жасай қоюға да болады. Биылғы жылы жеміс-жидек атаулы ерекше бітік шығыпты. Ендеше, сіздің денсаулығыңыздың кепілі, дастарханыңыздың сәні мен мәні болар тосапты дайындап алыңыздар.



Құлпынай тосабы

Құлпынай – жеміс-жидектің ең ерте пісетін түріне жатады. Тосабы сұйықтау болып келгенімен, өзіне тән тіл үйіреп ерекше дәмі бар. Құлпынайдың тосабын дайындау да аса қиын емес.

Мәселен, 1 килограмм құлпынайдан тосап қайнату үшін 2 килограмм қант, жарты кесе су болса жетіп жатыр.

Дайындау тәсілі:

Тосапты қайнату үшін құлпынайдың тым уылжып піспегендерін іріктеп алыңыз. Сосын салқын сумен жуып, таза дөкеңің үстіне жәйіп, суын әбден сорғытыңыз. Жуып, тазартылған жемісті эмальды ыдысқа салыңыз. Біраз уақыттан соң шырыны бөлінген жемісті жақсылап араластырып, 5-6 сағат салқын жерге қойыңыз.

Алдын ала тосап қайнату үшін дайындап қойған ыдысқа сәл-пәл су құйылып, қант салынады. Осылайша сиропты дайындап аласыз. Сол сироптың үстіне манағы құлпынайды салып, баяу отқа қойыңыз. Осы кезде сиропты әлсін-әлсін араластырып тұрған жөн. Әйтпесе қант бір жерге шөгіп, дұрыс ерімей, кесек күйінде қалуы мүмкін.

Сонымен, сироп қайнай бастаған кезде тосапты оттан түсіре қойыңыз. Осылайша 2-3 мәрте қайталаған дұрыс. Олай етпеген жағдайда құлпынай езіліп кетеді де, тосаптың сапасы нашарлайды. Әрі езіліп кеткен құлпынайдың әдемілігі де жоғалады.

Құлпынайдың құрамы өте бай, көптеген пайдалы заттарға толы. Мысалы: В, С дәрумендері, каротин, талшық, фолий қышқылы, пектиндер және органикалық қышқылдар және көптеген химиялық элементтер: йод, фосфор, калий, кальций және басқалар бар. Сонымен қатар, ол құрамында май мен холестериннің жоқтығымен де ерекшеленеді.

Құлпынайдан джем де қайнатуға болады. Джемнің қандай қасиеттері бар дейсіз ғой. Бұл көздің нашарлауының, сондай-ақ құрғақ көздің, оптикалық нервтердің дегенерациясының және әртүрлі инфекцияларға сезімталдықтың алдын алудың ең бір оңтайлы құралы.

Құлпынай джемі қан қысымын төмендетуге көмектеседі, мидың жұмысына оң әсер етеді, жүйке жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіреді.

Шие тосабы

Шие тосабын үлкендермен қоса, кішкентай балалар да өте жақсы көреді. Жалпы, шие дәруменге өте бай жемістің түріне жатады. Денсаулыққа оң әсерін тигізетін жақсы қасиеттері де мол. Шиенің тосабын дайындау үшін шамамен 1 килограмм тәтті шие, 1 килограмм қант, 1 шай қасық лимон қышқылы болса жетіп жатыр.

Дайындау тәсілі:

Тәтті шиені іріктеп алыңыз. Ыңғайлы ыдысқа салып, салқын сумен жуыңыз. Содан кейін ішіндегі сүйегін тазартып, үлкен тегенеге салып, үстіне қант қосыңыз. Жемісті 2-3 сағат салқын жерге қойыңыз. Содан кейін тегенені баяу отқа қойыңыз. Бір қайнаған соң оттан түсіріп, тағы да 2-3 рет қайталаңыз.



Егер сүйегін алып қайнатуға мүмкіндік болмаса, онда тәтті шиенің үстіне ыстық сироп құйып, 3-4 сағат суытуға болады. Одан кейін, яғни суыған соң, отқа қайта қойып, қайнатылады. Дайын болды-ау деген кезде, лимон қышқылын қоссаңыз, тосабыңыздың дәмі де, түрі де ерекше болады.

Шиенің бұлшық еттерге, теріге және қан тамырларына өте пайдалы екені бірнеше рет дәлелденді.

Таңқурай тосабы

Таңқурай – өте нәзік жеміс-жидек түріне жатады. Оны дер кезінде жинап алмаса, ағып кетеді. Құрамы пайдалы дәруменге өте бай екендігімен ерекшеленеді. Зерттеуші ғалымдардың жазуына қарағанда, көптеген жабайы аң түрлерінің өзі осы жеміс-жидекті теріп жегенді ұнатады екен. Таңқурай тосабын суық тиген кезде шәймен ішкен өте пайдалы.



Құрамы:

1 килограмм таңқурайға 1 килограмм қант қосып араластырып, біраз уақыт қойып қойсаңыз, шырыны шығады.

Қазір жеміс-жидекті сақтаудың сан түрі бар. Соңғы кездері көбіне таңқурайды сол күйінде мұздатқышқа сақтап қойып, қыс бойы пайдалану үрдіске айнала бастады.

Дайындау тәсілі:

Таңқурайдың тосабын жидекті жинаған күні қайнатқан дұрыс. Әйтпесе ол езіліп, сапасы нашарлайды.

Ең әуелі жидекті іріктеп, эмальды тегенеге немесе кастрюльге салып, үстіне қант қосыңыз. Сосын 3-4 сағат салқын жерге қойыңыз. Осы уақыт ішінде жидекке қант әбден сіңеді. Содан кейін қалған қанттың таңқураймен әбден араласуы үшін ыдысты ақырын-ақырын шайқап (таңқурайды шөмішпен, кепсермен араластыруға болмайды, өйткені езіліп кетеді), отқа қойыңыз. Әбден қойылғанша қайнатып, оттан түсіріңіз. Сөйтіп, тағы да 2-3 минут қайнатыңыз.

Күн суытқанда, қысқы аязда таңқурай дәрумені ғана емес, сонымен қатар дәрінің де орнына жүреді. Оның құрамында А, В2, С, Е, РР витаминдері, салицил қышқылы бар. Ол антипиретикалық, вирусқа қарсы және иммунитетті нығайту үшін кеңінен қолданылады. Ол қабынуды жеңілдетеді және жөтелді қойдырады.

Таңқурайдың құрамындағы мыс қандағы гемоглобин деңгейін жоғарылатады және дененің жұмысын жақсартыады.



Қара өрік тосабы

Қоңыр күзде асықпай пісетін қара өріктің құрамы дәруменге өте бай болып келеді. Қара өріктің компоты да, тосабы да керемет. Қара өрік күй талғамайды. Оны сақтаудың да еш қиындығы жоқ.

1 килограмм қара өрікті қайнату үшін 1,5 килограмм қант болса жетіп жатыр.

Дайындау тәсілі: Алдымен әбден піскен өрік іріктеліп алынады. Тым пісіп кеткендерін өткір пышақпен кесіп, әрқайсысының сүйегі алынып тасталынады. Жақсылап жуылып, үстіне бөлек дайындалған сиропты құйып, 6-8 сағат бетін жауып қойыңыз. Сироп дайындау үшін 1 килограмм қантқа, 1,5 кесе су құйып, әбден қойылғанша қайнатылады. 6-8 сағаттан соң қара өрік салынған ыдысқа сиропты құйып, отқа қойыңыз. Осы процесс 2-3 рет қайталанған соң тосапты баяу отқа қойып, дайын болғанша қайнатыңыз. Сары өрік тосабының да дайындалу технологиясы мен құрамы осындай. Әркім өз қалауына қарай қант мөлшерін азайтуға не көбейтуге болады.

Өрік целлюлозасында алма мен алмұртқа қарағанда дәрумендер көп. Осы дәрумендердің бірі – рутин (Р дәрумені) – ол С витаминінің әсерін күшейтеді. Диеталық талшықтар жақсы ас қорытуға ықпал етеді, ал моносахаридтер мен органикалық қышқылдар қажетті энергиямен қамтамасыз етеді. Бұл жемістердің үлкен пайдасының тағы бір құпиясы – В2 дәрумені мен каротиннің (А дәрумені) жеткілікті концентрациясы. Өнімнің қоректік құрамы мырыш, йод, натрий, кальций және калийді толықтырады.



Қарақат тосабы

Қарақат тосабының дәрумендік пайдасы өте зор. Көбіне оны шөп-шаламынан тазарту қиын деп жатады. Дегенмен, тосаптың пайдасын қыста көресіз. Суықтап, тұмаураатқан кезде шәймен ішіп, терлесеңіз, сауығып шыға келесіз. Жалпы, үй шаруашылығына пысық әйелдер тоңазытқышының бір бұрышына көктемге дейін қарақат тосабын сақтайды.

Дайындау тәсілі:

Қарақат тосабын дайындау үшін алдымен жидектерді мұқият тазартып алыңыз. Әрі қарай оларды ет тартқыштың немесе блендердің көмегімен ұсақтаңыз. Қарақат тез тартылсын десеңіз, қажетті мөлшерде қантты бірге өткізіп отырыңыз. Сонда жұмысыңыз өнімді болады. Сосын тосапты 4 сағаттай қойып қойыңыз. Таза қасықпен араластырып қойсаңыз да болады. Шыны банкаларды (сыйымдылығы жарты литр) содамен шайып, кем дегенде 5-7 минут зарарсыздандырыңыз.

Қарақаттың тосабын қараңғы, салқын жерде (жертөле, тоңазытқыш немесе суық қойма) сақтаған дұрыс.

Егер тосапты бөлме температурасында, қараңғы жерде сақтай аласыз. Бұл жағдайда 1 кг қарақатқа 2 кг қант қосқаныңыз жөн. Тосапты қайнатпай сақтаған ләзім. Қайнатылмаған тосап өз құрамындағы дәрумендерді сақтап тұрады.



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ТАНЫМАЛ ЖУРНАЛИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Биылғы жыл «Alatau Aqparat» ұжымы үшін жемісті де жеңісті жылдардың бірі болды. Олай дейтініміз, мұның алдындағы жетістіктерімізді айтпағанда, күні кеше әріптестеріміз – «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Евгений Рахимжанов пен «Вечерний Almaty» газетінің шығарушы редакторы Жәнібек Сүлеев ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Марапаттау рәсіміне Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының уақытша міндетін атқарушы Айдар Есенбеков, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев және ЮНЕСКО-ның жетекші ғылыми қызметкері Валерий Жандәулетов, коллекционер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Азат Әкімбек қатысты.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Журналистер – қыры-сыры мол, еркіндік пен дарынды талап ететін шығарма-

шылық иелері. Осы салада ерінбей еңбек етіп, оқырмандардың оң бағасына ие болған жандарды бүгінгі марапаттарымен шын жүректен құттықтаймын! Алдағы уақытта толағай табыстарға жетулеріне тілекшімін. Қазір қарап отырсақ, газет беттерінде ойы орамды,

сөзі семсердей журналистерді көзіміз шалады. Алдыңғы буын ағалармен тәжірибе алмасқан жастарымыз болашақта қарымды журналист болатынына сенімдімін», – деді «Alatau Aqparat» ЖШС-нің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов.

КИНОКЕҢІСТІК

Елімізде қандай да бір тарихи фильм түсіріледі деген ақпарат шықса, «Троя», «Гладиатор», «Тақтар таласы», «Сүлеймен сұлтан» секілді әлемдік тарихи кинокартиналармен теңесетіндей дәрежедегі кинотуынды күтетініміз рас. Бірақ әлі күнге дейін күллі қазақ сүйсініп көретін, бүкіл ел болып талқылайтын, шетелдік мамандардың шынайы бағасын алған фильм жарық көре қойған жоқ. Әзірге қазақстандық киноиндустрия комедия жанрындағы және телевизиялық фильмдер бойынша алға жылжып келеді.



Айнұр СЕНБАЕВА

Тәуелсіздік жылдары елімізде 600-ден астам фильм түсірілген екен. Бұл фильмдердің нақты қаншасы тарихи фильм, қаншасы көркем немесе деректі фильм екенін нақты айту қиын. Бір білетініміз, халқымыздың ерлігі мен даналығын, қазақ деген халықтың шынайы болмысын бейнелейтін тарихи туындылар саусақпен санарлық. Жалпы, тарихи фильмдерді түсіру елімізде 2000 жылдардың басында ғана қолға алынды. Өйткені, оған дейін еліміздегі тоқырау кезеңінде сапалы кинокартина түсіретін техникалық мүмкіндік те болған жоқ. Ал соңғы 20 жылда бірді-екілі та-

ОТАНДЫҚ КИНОГЕРЛЕРДЕН СҮБЕЛІ ТУЫНДЫ КҮТЕМІЗ



рихи фильмдер көрерменге ұсыныла бастады. Санаулы ғана фильмдерден сын іздеу де қиын.

Кино саласындағы осы олқылықты толтыру үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің имиджін көтеретін, қазақтың тарихын баяндайтын фильмдерді көбейтуге тапсырма берген болатын. Осыған орай, Мемлекет басшысы «Қазақфильмді» жаңғыртуға мән беру керектігін алға тартты.

Көпшілік көрерменнің пікірінше, қазақ-жоңғар арасындағы қиян-кескі шайқасты, Әбілқайыр, Абылай хандардың көрегендігін, Төле би, Қазыбек пен Әйтеке билердің даналығын бейнелейтін фильмдер жетіспейді. 30 жылдың ішінде «Отырардың күйреуі», «Батыр Баян», «Көшпенділер», «Қазақ

хандығы», «Томирис», «Жажүрек мың бала» секілді картиналар түсірілгені рас. Дегенмен, еліміздегі тарихи фильмдердің саны санаулы режиссерлердің жұмысымен шектеледі.

Әлия МҰРАТҚЫЗЫ, Алматы қаласының тұрғыны:

ТАРИХИ ФИЛЬМДЕРІМІЗДЕ ЭМОЦИЯ БӘСЕҢ

Қазақстандық режиссерлер түсірген отандық туындыларды қалдырмай көруге тырысам. Кейбіреу көңілімнен шығады, кейбіреуі көре бастағаннан-ақ тартпайды. Меніңше, біздің тарихи фильмдерде массовка әлсіз, сценарий тартымсыздау, эмоция бәсең секілді. Бізде жақсы актерлер бар, бірақ

тарихи фильмге түсетін актердің шеберлігі басқалардан бір бас жоғары болуы керек секілді.

Бұл – менің жеке пікірім. Мысалы, түріктердің «Сұлтан Сүлеймен» сериалын басты рөлдегі Мериам Озерли үшін ғана көруге тұрарлық. Фильмнің көркемдігі, актерлердің шеберлігі соншалық, Түркияға барып, сол фильм түсірілген сарайды көзбен көруге деген ынтызарлығымыз оянды. Осы картина арқылы қаншама көрерменнің Осман империясының тарихына деген қызығушылығы артты. Болашақта біздің де кинотуындыларымызды тек өзіміз ғана емес, шетелдіктер қызу талқылайтындай дәрежеге жетсек деген тілегім бар.

Қазақ киносы мен театр актері Сырым Қашқабаевтың айтуынша,

Сондай-ақ, дәл осы күні «Alatau Aqparat» медиахолдингіне қарасты «Вечерний Almaty» газетінде 38 жылдан астам уақыт табан аудармай бір салада, бір мекемеде еңбек етіп келе жатқан «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директорының орынбасары Абдухалил Жалиловтың туған күніне орай, зейнетке шығуына байланысты құттықтау рәсімі өтті. Ширек ғасырдан астам журналистика саласында еңбек еткен Абдухалил Жалиловқа «Alatau Aqparat» ұжымының атынан ою-өрнекпен көмкерілген шапан жабылды. Әріптестері ажарама тілектерін арнады.

«Менің осы «Almaty aqshamy» газетіне келгеніме 16 жылдың көлемі болыпты. Осы аралықта Абдухалилді ағамыздай сыйлап, көп нәрсе үйрендік. Редакцияның біз біле бермейтін ішкі жұмыстарын, көзге көп көріне бермейтін жұмыстарды табанды атқарып келеді. Ол кісінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қызметкерлеріміз қандай да бір іс-шарада болсын, үлкен ауызбіршілік танытады. Өсіп келе жатқан жас журналистеріміз осынау ағалардан үлгі-өнеге алып келе жатқанына қуаныштымын. Ағамыздай болып кеткен Абдухалилге тек қана толағай табыстар тілеймін», – деді «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек.

Осы ретте ұжымымыздың қадірлі қызметкері Абдухалил Жалиловтың Қазақстан Журналистика академиясының Ұлтаралық журналистика саласы бойынша Иолдаш Азаматов атындағы сыйлығымен марапатталғандығын ерекше атап өткеніміз жөн болар.

«Абдухалил Еркеновичтің журналистика саласында атқарған қызметі болашақ ұрпаққа үлкен өнеге. 30 жылдық қызметте қазақ, орыс редакцияларында табанды жұмыс атқарды. Ұлтаралық журналистика саласына сүбелі үлес қосты. Мен ҚазҰУ-де – қара шаңырақта мұғалімдік қызмет атқарғанымда Абдухалил менің студентім болған. Қазір міне, зейнеткер журналист атанды. Артыңа қарап қартаясың деген осы болар, бейнетіңнің зейнетін көруді нәсіп етсін деген тілегімді білдіргім келеді», – дейді Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлері өз жұмысында шаһардың тыныс-тіршілігінен хабар беріп қана қоймай, әр мереке сайын түрлі марапаттарға ие болып жатыр. Бұл дегеніміз, еселі еңбектің елегенінің белгісі болар. Осы ретте журналист өз мамандығының құлы, өз мамандығын сүймейтіндерге журналистикада орын жоқ демекшіміз. Адал қызмет атқарған жандардың еңбегі еселене бергені баршамизды қуантады.

сапалы кино түсіру үшін қаржыны аямау керек. «Рас, рухыңды көтеретіндей, қазақтың «қазақ» екенін білдіретіндей кинолар санаулы екенін мойындаймыз. Бәлкім, заманға сай промоушен аз шығар, қазіргі заманда бәрі әлеуметтік желіге келіп тіреледі», – дейді актер.

Айдархан ӘДІЛБАЕВ, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ вице-президенті:

ОТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕР САНЫ ЕКІ ЕСЕГЕ КӨБЕЙДІ

Биыл кино саласына бөлінетін қаржының 70%-ы тарихи, имидждік картиналар түсіруге жұмсалмақ. Кең ауқымды тарихи фильмдерді экрандау «Қазақфильм» киностудиясына жүктеліп отыр. Бізге патриоттық рухтағы мотивациялық фильмдер қажет екені сөзсіз. Сондықтан көрермендер негізінен батыстың кинотуындыларын көруге әдеттеніп алған. Алдағы уақытта осы сала мықтап қолға алынбақ. Президент тапсырмасымен «Қазақфильмді» жаңғырту 2023 жылға дейін жүргізіледі. Бұған 10 млрд теңге жұмсалады. Ал 2030 жылға дейін отандық фильмдер санын екі есеге арттыру міндеттеліп отыр.

Қазіргі таңда біздің үлкен экранға шыққан кино деп жүргеніміз әлсіз комедиялар немесе теледидардан көрсетіліп жүрген отбасылық ситкомдар. Жұртты күлдіреміз деп өздері күлкіге қалып жүрген, кино түсіруге қыруар қаржы салып, оны ақтай алмай жүрген режиссерсымақтар да көбейді. Ал нағыз кино – бұл үлкен өндіріс. Сондықтан алдағы уақытта отандық киномамандардан сүйікті, сүбелі кинокартиналар күтеміз.

ДҮЙСЕНБІ
8 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия.
Дайджест
9.30 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка,
1001 түн, Аспаз бен
қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая.
«Келіндер-3»
4 серия
9.00 «Таңшолпан». Телехикая
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Әзіл әлемі»
14.10 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады. «ОЙЫНШЫҚТАР ХИКАЯСЫ 3». Мультфильм
15.45 «Сағындырған әндер-ай!» Концерт
17.45 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 ТҰСАУКЕСЕР! Дисней ұсынады. «101 АЛА КҮШІК». Мультфильм
21.15 Нұрболат Абдуллиннің концерті
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая
23.30 «Оралман». Көркем фильм
1.15 «Теледәрігер»
2.00 «Дәуір даналары». Деректі фильм
2.45 «Ауылдастар»
3.10 «Мұра». Деректі фильм
3.35 «Жәдігер»
3.55 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Акваполи»
7.00 Телехикая марафоны. «Көршілер»
9.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға
10.00 «Tangu fresh»
10.30 «Әсем әуен»
11.00 Кино. «Әруақ»
12.45 Телехикая марафоны. «Бәсеке»
16.00 Телесериал. «Березка»
18.00 Мегахит. «Игра на выживание»
20.00 «Aitystar»
22.00 Концерт. «Hassak-Na-ma»
23.45 Телехикая. «Бақталас»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тәтті шоу
08.00 «31 әзіл»

- 09.00 «Күліп ALL»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 КИНО. «Өкініш-2»
11.50 Алдараспан (қайталау)
14.10 Анимационный фильм «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек»
16.05 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Америке»
18.15 КИНО. Джеки Чан в боевике «Гренландия. Арктические волки»
20.30 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Гренландия»
23.00 «Bizdin show» (қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up?
02.30 Тамаша live
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ТВ ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.40 «ПОЧЕМУ УМИРАЕТ КАСПИЙСКИЙ ТЮЛЕНЬ?». Документальный фильм Сергей Губанов, Глафира Тарханова, Кирилл Запорожский в многосерийном фильме «СИННИЧКА»
13.00 Александра Тюттей, Роман Курцын, Дмитрий Марьянов в фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА»
16.50 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
18.00 «П@УТИНА+» бағдарламасы
18.55 Вячеслав Разбегаев, Екатерина Решетникова, Артур Ваха в фильме «ОПАСНАЯ КОМБИНАЦИЯ»
20.45 Константин Лавроненко, Полина Агуреева, Александра Урсуляк, Александр Гришин в многосерийном фильме «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ»
0.40 Ночной кинотеатр.
2.20 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.35 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ»
До 5.35

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
09.00 Т/п «Орёл и решка»
10.00 Х/с «Всё будет хорошо»
14.10 К/ф «Жетімдер»
16.30 Т/х «Тақиясыз періште»
18.15 Шоу «Удивительные люди»
21.00 Х/ф «Прогулка среди могил»
23.30 Шоу «Ну-ка все вместе»
01.40 Шоу «Удивительные люди»
03.00 Т/х «Тақиясыз періште»
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
07.30 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»

- 08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.10 «СТАНЬ МОЕЙ ТЕНЬЮ», мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASY», ток-шоу
19.00 «ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ ҚЫЗДАР», ән-шашу
21.00 «КОСНУВШИСЬ СЕРДЦА», криминальная мелодрама. В ролях: Екатерина Виноградова, Андрей Аверков (худ.сериал)
00.40 «ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (худ.сериал)
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Дания – Австрия
08.55 «Су ханзадасы» Деректі фильм
09.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Ертіс» – «Алтай» (Әйелдер). 1 тур
10.45 Софья Берульцевамен сұхбат
11.20 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 2 сезон. 7 выпуск
11.45 Чемпионаты. Финал. Ерлер – 90 кг, 100 кг, + 100 кг; Әйелдер – 78 кг, +78 кг)
13.45 «PRO HOCKEY». 1 шығарылым
14.15 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
14.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Павлодар» – «Ұшқын-Көкшетау» (Ерлер). 1 тур
17.00 «BAQ LIGA. Волейбол». Арнайы репортаж
17.20 ММА. «ALASH PRIDE 72»
19.40 «Сырлы өлкедегі сегізінші сайыс». Арнайы репортаж
20.05 «SUPER BOL!» 6 выпуск
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Қайрат» – «Атырау». Тікелей эфир
22.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-20. Германия – Новая Зеландия. Прямой эфир
00.50 «Есіл жағасындағы Азия чемпионаты». Арнайы репортаж
01.00 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Тұсаукесер! «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Менің елім»
11.55 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тоқаштар. Жұп-жұмыр жаһан. Толықметражды мультфильм.
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Менің елім»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Глобус»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.50 Тұсаукесер! «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» телехикая.

- 20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «JUMBAQTIMES»
12.00 «Шаншар»
16.30 «Громовы. Дом надежды» телесериал
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «103» телесериал
02.10 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

- 07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Әнер қырандары
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Қышқыл-мысқыл
13.40 Қышқыл-мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Саулықтың сыры
15.00 Серік Қалиевтің кеші
16.00 «Шатқал» – қысқа метражды фильм
17.00 «Сағыныш – әке»
17.20 Кестелі орамал
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Тәтті time
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақ білсін
19.15 Саммари 100 кітап
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25 сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Автопортрет
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



«101 АЛА КҮШІК».
«Қазақстан» арнасы. Сағат 20.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
14 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Үздік әзіл
8.00 Алақай демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.00 Детский кино клуб
11.30 Алматинские истории
12.00 Әсем әуен
13.30 Үздік әзіл
15.00 Женский кино клуб
19.00 BOLLYWOOD-тан махаббатпен! Мелодрама
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.15 «Зинһар»
7.50 «Көңіл толқыны»
8.25 Дисней ұсынады. «Ойыншықтар хикаясы 3». Мультфильм
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Ән мен әнші»
14.30 «Оралман». Көркем фильм
16.30 Деректі фильм. «Синтетикалық есірткі»
16.45 Дисней ұсынады. «101 ала күшік». Мультфильм
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ «ТІРШІЛІК»
20.35 «Қазақтың жігіттері». Ернар Айдардың концерті
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая
23.30 «Құмырсқа адам». Көркем фильм
1.30 «Теледәрігер»
2.15 «Зинһар»
3.00 Деректі фильм. «Тіршілік»
3.30 «Ауылдастар»
3.55 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Березка»
7.00 Телехикая марафоны. «Сырластар»
9.00 Концерт. «Hassak-Nama»
11.00 Кино. «Әруақ»
12.45 Телехикая марафоны. «Бәсеке»
16.00 Телесериал. «Березка»
18.00 Мегахит. «Игра на выживание»
20.00 «Aitystar»
22.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
23.00 Телехикая. «Бақталас»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»

11.00 Анимационный фильм «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек» (повтор)
13.00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Америке» (повтор)
15.10 КИНО. Джеки Чан в боевике «Авангард. Арктические волки» (повтор)
17.30 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Гренландия» (повтор)
20.10 КИНО. Клайв Оуэн в боевике «Интернэшнл»
22.45 «Алдараспан»
00.00 «Өкініш-2» (қайталау)
01.00 Тамаша live
02.00 Әзіл студия
03.00 What's up?
03.30 1001 Әзіл
04.00 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.15 «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ». Многосерийный фильм
13.00 Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
16.50 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
18.00 «П@УТИНА+» бағдарламасы
18.55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
20.30 Константин Лавроненко, Полина Агуреева, Александр Урсуляк, Александр Гришин в многосерийном фильме «ПРОЩАЙ, ЛЮБИМАЯ»
0.50 «ТРИ АККОРДА»
2.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.25 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.55 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.35

7-КАНАЛ

06.00 QARA BALA
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.10 X/ф «Прогулка среди могил»
13.40 Bile
16.00 Скetchком «Q-елі»
17.40 Шоу «Один в один»
21.00 X/с «Вчера. Сегодня. Навсегда»
01.10 Шоу «Музыкальная интуиция»
03.00 QARA BALA
05.30 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «КОСНУВШИСЬ СЕРДЦА», криминальная мелодрама (повтор) (худ.сериал)

15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ПРОБУЖДЕНИЕ ЛЮБВИ», мелодрама. В ролях: Эдуард Трухменёв, Татьяна Чердынцева худ.сериал
00.50 «ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Чемпион». Қайрат Ералиев. Деректі фильм
07.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-20. Коста Рика – Испания. Прямой эфир
09.55 «SUPER BOL!», 6 выпуск
10.45 «BAQ LIGA. Волейбол». Арнайы репортаж
11.10 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Қарағанды» – «Қуаныш» (Әйелдер). 1 тур
13.35 «Сырлы өлкедегі сегізінші сайыс». Арнайы репортаж
14.00 ДЗЮДО. Азия Чемпионаты. Финал. Командалық жарыс
16.00 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Есіл» – «Атырау» (Ерлер). 1 тур
17.35 «BAQ LIGA. Волейбол». Арнайы репортаж
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Шахтер» – «Астана». Тікелей эфир
20.00 «SUPER BOL!», 6 выпуск
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Ақтөбе» – «Тобыл». Тікелей эфир
22.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-20. Япония – Гана. Прямой эфир
00.55 «PRO HOCKEY». 1 шығарылым
01.30 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжекттер»

7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Тұсаукесер! «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Менің елім»
11.55 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек» телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Менің елім»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Көжекттер»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.50 Тұсаукесер! «Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» телехикая.
20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»

21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «JUMBAQTIMES»
12.00 «Отбасы» телехикаясы
15.00 «Алдараспан»
19.50 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
00.10 «Өкініш» X/ф
02.15 «Tik-Tok хаус» телехикаясы



TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Фибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменізі» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Саулықтың сыры
15.00 Шабдалы – көркем фильм
17.00 «Ұлттық спорт»
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Тастандылар – қысқа метражды фильм
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style



«СЫРЛАСТАР». Телехикая.
«Хабар» арнасы. Сағат 7.00-де.



● САЛТ-ДӘСТҮР

СӘЛЕМ САЛУ ЕСКІЛІКТІҢ САРҚЫНШАҒЫ МА?

Үямнан ұзатылып, ақ босаға аттап, үлкен әулеттің келіні атанғалы алғашқы міндетім – үлкендерге сәлем салу болды. Ауылдық жер болғасын, көшеден өткен барлық үлкен ата-апаларға құрметім ретінде сәлем салғаным дұрыс болар деп ойладым. Бір күні бір ақсақалдың «Сәлем салу – Аллаға серік қосу» деген сөзін естіп, өз әрекетімнің дұрыс-бұрысын саралап ұзақ тұрдым. Түсінгенім, сәлем салу бойынша қоғам көзқарасы – әртүрлі. Қате пікірдің жетегінде кетіп, салтымызды «ширк» деп әсірелейтіндердің де қарасы көп екенін аңғардым.

«СӘЛЕМ САЛУ – СЫЙЛАСТЫҚ»

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсеткен дана халқымыз сыйластықты әрдайым бірінші орынға қойған. Сәлем салу да осының нақ дәлелі. Бүгінде қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған оңтүстік пен батыста ғана жақсы сақталған бұл үрдісті үлкенді құрметтеудің әдемі әдебі десе де болады.

Бұл туралы пікірін білдірген белгілі этнограф Досымбек Катран сәлем салу ықылым заманнан келе жатқан көне дәстүр екенін айтады. Туыстық қатынастардың күрделенгеніне байланысты әулеттегі жарасымды сыйластықтың жібін үзбеу үшін қалыптасқан дүние дейді.

– Сәлем салғаннан ешкім қорланып, кем болып қалмайды. Керісінше, бұл отбасындағы сыйластыққа жол ашып, оны одан әрі күшейте түсетін үрдіс. Сәлем салу жай ғана иіле салу емес,

оның ар жағында үлкен тәрбие, сыйластық жатыр. Сәлем салған келінге үлкендер де «өркенің өссін», «бақытты бол», «көп жаса» деп жауап қайтарып, ризашылығын білдіріп жатады, – дейді этнограф.

Ал әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының қызметкері Жанат Аамалбекова «сәлем салу қазақ дәстүрлерінің ең әдемісі» дейді:

– Сәлем салу дәстүрі тек түркі халықтарына емес, сонымен қатар, Еуропа халықтарына да ортақ. Ұлыбританиядағы, Англиядағы корольдік отбасыларында да келіндер үлкендерге сәлем салады екен. Бұл дәстүрдің мәні – жалпы үлкенге деген құрмет. Келін басқа отбасыға келген кезде оның жанұясында белгілі бір орны болады. Сәлем салу арқылы келін сыйластықты сақтаған. Ол еліміздің әр аймағында әртүрлі орындалады. Еліміздің батыс өңірінде сәлем салу қатаң талап



етілмейді. Батысқа келін болып түскен қыз беташарда жалпылама нағашыларға, абысындарға, қайын әпкелерге бірден сәлем береді. Оңтүстікте сәлем салу міндетті. Келіндер екі қолын аяққа қастырып, иіледі. Солтүстік жұртында сәлем салу, орамал тағу салты сақталмаған. Ал Шығыста сәлем салу емес, көбіне отқа май құю ырымы ғана жасалады екен. Маңғыстау өңірінде жаңа түскен келінге таңертең ерте тұрып, күнделікті сәлем салу міндеттелген. Келін сәлемі ұрпақ арасындағы сыйластықты сақтауға дәнекер болған. Иілген келін өзіндік орнын, болашақ ана, ене екенін

сезіп отырады. Сәлем салудың мәні кейде ерінің ғұмырлы, аман жүруіне жасаған дұғасы іспетті болған, – дейді маман.

Дінімізде сәлем салуға ешқандай тыйым салынбаған. Яғни үлкенге құрмет көрсетіп, иілу Аллаға серік қосу болып табылмайды. Бұл туралы «Фидатулла тарази» медресесінің ұстазы Амангелді Ембергенов толық баяндап берді.

– Алла Тағала Құранда сәлем салу туралы ешқандай сөз айтпаған. Бұның Аллаға серік қосу болып табылатындығы туралы сөз қозғалмаған, Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) ешбір хадисінде сәлем

салу туралы сөз келтірмеген. Егер келіннің иілген кезде ниетінде намаздағы секілді табыну болса, онда бұл әрекет Аллаға серік қосу болып табылады. Ал егер келін құрмет ретінде сәлем салып иілетін болса, оның ешқандай айыбы жоқ, – дейді ұстаз.

Сәлем салу – дінге қайшылық та, ескілік те емес, ұлттық ерекшелік және рухани құндылық. Қаймағы бұзылмаған қазақтың келіндері қашан да үлкеннің алдында иіліп сәлем салудан айныған емес. Анасынан мұндай тектілік, тәрбиелік ғұрыпты көріп өскен қыздан текті ұрпақ дүниеге келері анық.

● ІС-ШАРА



АЛМАТЫДА ҚҰРАН ЖАРЫСЫ ӨТЕДІ

ҚМДБ-ның Алматы қаласы өкілдігінің ұйымдастыруымен 2022 жылдың 20 тамызында Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқу бойынша XI республикалық Құран жарысының Алматы қаласы бойынша іріктеу сайысы өтеді.

Сайыс Құран Кәрімнің 30 парасын, 20 парасын, 10 парасын жатқа оқу және мәнерлеп оқу бойынша 4 номинациядан ұйымдастырылады.

Жарысқа ҚР-ның 30 жастан аспаған азаматтары қатыса алады. Байқауға қатысушының жаттаған паралары толық болуы керек, яғни екі жерден жарты-жарты

параны біріктіріп ұсынуға болмайды. Үміткер жарысқа тек бір номинация бойынша ғана қатыса алады. Сондай-ақ, қатысушы өз номинациясы бойынша республикалық, халықаралық жарыстарда жүлделі орын алмаған болуы керек. Сондай-ақ, іріктеу сайысына үміткерлер қазақы киім үлгісінде ғана қатыса алады.

Жарыс жеңімпаздарына қаржылай сыйлықтар табыстатылып, арнайы сертификаттар беріледі. Сондай-ақ, әр номинация бойынша үздік жүлдегерлер XI республикалық Құран жарысына жолдама алады.

● ОЙ-ТОЛҒАУ

«ЕҢ ОҢАЙ НӘРСЕ – ЖАМАНДЫҚ»

Бауыржан Момышұлынан бір студент «Сіз кімнен өнеге аласыз?», – деп сұрапты. Сонда батыр бабамыз: «Мен қорқақтардан, қаңғыбастардан, маскүнемдерден, өмірде қателескен, жолы болмаған жандардан өнеге алам» деп жауап берген екен.

Әлгі студент таңқалып:

– Мұны қалай? Өнегені жақсы адамдардан алу керек емес пе? – десе, – Қорқақтар да, қаңғыбастар мен маскүнемдер де дүниеге мен сияқты, сен сияқты пәк күйінде келген. Кейін олар өмірдің қиыншылығымен күресе алмады. Содан тасқа соғылған шөлмекке ұқсап быт-шыты шықты. «Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында» деген қазаққа аталы сөз бар. Ең оңай нәрсе – жамандық. Оған жету үшін көп ойландудың, көп күш жұмсаудың қажеті шамалы. Жаман жолға түсу де оңай. Олардың тандауы сол оңай жол болды. Олар сол оңай жолмен кетті. Мен міне, өзім адаспас үшін осындай өмірі сәтсіз адамдардың қателіктерінен де өнеге алам», – деп жауап берген екен.



● БІР САУАЛ

«ӘУМИН» БЕ, ӘЛДЕ «ӘМИН» БЕ?

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҮЛЫ,
дінтанушы:

Осы сөз көптен бері ел арасында пікірталас тудырып келеді. Бұған дейін Аллаһ деген дұрыс па, әлде Алла деген дұрыс па деп, көпшілік сауал жолдаған болатын. Бұл мәселеге Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жауап беріп, «Алла Тағала» деп айту керектігін ескертті. Міне, әумин сөзіне қатысты жайт та осыған ұқсас. Біздің ата-бабаларымыз «әумин» сөзін қолданды. «Әумин» деп бата берді. Араб тілінде әмин болғанымен, қазақ тіліне енген соң айтылуы жағынан өзгеріске ұшырап, бірақ түпкі мағынасын жоғалтпаған сөз бұл. Сондықтан өзіміздің бабалар сөйлеген сөзбен, туған тілімізде «әумин» дегеніміз дұрыс.

Бетті әзірлеген Айжан БҮРКІТБАЕВА.





● СҮГІР ӘЛІҰЛЫ – 140

ӨНЕРІН ӨМІРІНЕ АРҚАУ ЕТКЕН

Сүгір шығармаларынан ерекше үн мен қобыздың қоңыр сарынын байқауға болады



Ақтолық
Тұрлығызы

Күй әлемінде шертпе өнердің негізін қалаған Сүгірдің шығармашылығы әлі күнге ерекше сұранысқа ие. Алыс жақын шетелдерде күйшінің «Телқоңыр», «Майдақоңыр», «Шалқыма», «Ыңғай төк», «Қосбасар», «Бес жорға», «Аққу», т.б. күйлері орындалып жатқанынан хабардармыз. Ал оның өмірінен бейхабар екеніміз жасырын емес. Сүгір 1882 жылы Арқаның кең жайлауында дүниеге келген. Оның шығармаларынан ерекше үнді қобыздың қоңыр сарынын байқауға болады. Оның басты себебі, Сүгірдің жастық шағының Ықылас туып-өскен елдімекенде өткендігінен дейді мамандар. Сүгірдің шығармашылығына терең бойлаған жандардың пікірінше, күйшінің ұстазы, әрі пір тұтар адамы әйгілі қобызшы Ықылас бабамыз екендігі айтылады.

Кей деректерде Балталы-Бағаналы мен Таманың арасында жылқы алысқан даулардың бірінде Ықылас жоғалған үйірдің ізін қуып Ерден бидің алдына барыпты. Осы сапарында оның жанында бозбала Сүгір болған екен. Жоқшылар Найман ауылында үлкен қайғының үстінен шығады. Ерден бидің кәмелетке келіп қалған ұлы қайтыс болған екен. Сол сәтте қайғылы хабарды жас та болса, бас болып Сүгір хабарлаған деген деректер де кездесуде. Қазір қарап отырсақ, Сыр сүлейлерінде қаралы адамды жырмен жұбату дәстүрі бар. Бұл арнайы жанр «Көңіл хош» деп аталады. Ал Арқа, Сарысу, Шу бойында күймен естірту, күймен жұбату сол қалпында қалған екен.

Сүгір домбыра үнін қобыз үніне жақындатып, Ықыластың көптеген күйлерін домбыраға түсіргендігін де атап өткеніміз жөн болар. Осы ретте әйгілі күйшінің домбырада оң бұраумен қатар, теріс бұрауды да пайдаланғанын, әрі төкпе күй мен шертпе күйлердің үздік шебері болғандығын да айта кетуіміз қажет. Сүгірдің шерту әдістері мен күй сарынында Сарыарқаның шертпе күйлеріне ұқсамайтын айрықша интонациясы бар. Мұны осы салада талай

жыл қызмет жасаған мамандар да өз естеліктерінде келтіреді.

Көңіл көншітер күйлерімен көптің көңілінен шыққан Сүгірдің отбасылық жағдайына да тоқтала кеткеніміз жөн болар.

Сүгір бозбала шағында Беген жетімдер руынан шыққан Алдаш бидің қызы Айғанымға үйленеді. Бірақ Айғаным бала үстінде дүние салып, бесікертпе құда болған құрак тама Шынарбайдың қызы Сауқанмен отау құрады.

Одан Сарақұл туады. Алайда, сүйген жары Сауқан кенеттен қайтыс болып, оның сіндісі Сыпатайқызы Нәзікенге үйленеді. Нәзікеннен Ұлбала мен Оңғар туады.

Сөйтіп, қызы Сарақұлді әрі акын, әрі мықты домбырашы Жайыл Битанұлына ұзатады. Ұзатылып барған жері Бақырлы ауылы еді. 1931 жылы ашаршылық пен Созақ көтерілісіне қоса, елді шешек ауруы жайлайды. Осы шешектен Сарақұл қайтыс болып, Жайыл соқыр болып қалады. Қапас қараңғыда зарланған Жайыл күңіреніп жырлайды. Жайылдың «Соқырдың зары», «Сағыныш» деген дастандары да болған екен.

Екінші қызы Ұлбала Андағұл жабал тама Айтбай Қауқанов деген кісіге тұрмысқа шығады. Айтбай



1902 жылы туып, 1979 жылы өмірден қайтады. Ұлбала 1921 жылы туып, 2000 жылы қайтыс болды. Айтбай сауатты, білікті кісі болған. Сүгір осы күйеу баласы Айтбайдың қолында қайтыс болған. Айтбайдан Ұлбаланың жеті ұл, бес қызы бар.

Сүгірдің бала кезінде Ықылас Дүкенұлымен кездесіп, оның киелі домбырасына ие болғанын айта кеткеніміз жөн. Мұны Сүгірдің аузынан кезінде Созақ ауданының шежіреші қариясы Есіркеп Өмірбеков жазып алған. «Ауылымыз Жетіқоңыр құмының өр басында отыратын. Міне, осы құмда қыстап отырғанда бір күндері Сүгірдің лағы жоғалады. Сүгір оны шағылдан шағыл асып, күн ұзақ сабылып іздейді. Бір уақытта алдында желмаяға мінген бір ақсақал қарсы келе жатыр екен.

– Ата, сары лағымды жоғалттым. Көзіңізге түспеді ме? – деп сұрайды бала Сүгір.

– Балам, лағың үйіне барды. Шөлдеп қаласың. Үйіңе қайта ғой, – дейді қария.

Сүгір оның қолындағы домбырасына қайта-қайта қарағыштай беріпті. «Домбырама қарай бердің ғой, көңілің кетсе ала ғой», – деп

жолаушы оған домбырасын ұстатыпты. Домбыраға қызықтай қарап қалған бала сәлден кейін жан-жағына қараса, желмая мінген жолаушы көзден ғайып болыпты.

Үйіне келген Сүгір әкесіне көргенін айтады. Әкесі баласына арнап бір малын сойып, әруақтарға құран оқытады. Осылайша Сүгір 15-16 жасқа келгенде «Әлінің күйші баласы» атанады. Атағы Теріскей өңіріне түгел таралады, – дейді Есіркеп Өмірбеков өз әңгімесінде. Қарап отырсақ, Сүгірдің күйшілік өнерді бастауына, кемелденіп өркендеуіне, шығармаларының халық арасында танылуына көмек көрсеткен ұлы тұлғаларымыз жетерлік. Осыдан ақ халқымыз қандай кезеңде болмасын, өнерлі адамның өркендеуіне, шығармашылығының дамуына көмек көрсеткенін байқауға болады.

Сүгір жайлы сөз қозғағанымызда, күйші қыз Мафрузамен таныстығы туралы әңгімелер ойға оралады. Сабырбек Олжабайдың мына бір жазбасынан өнер жолындағы аламан-тартыстан махаббат дастанының қалай бастау алғандығын байқауға болады. «Есен бегінің кіші қызы Мафруза домбыраны Тәттімбет үлгісінде шертіп, Орта Жүз, Арғын-Найман елінің арасында өзі теңдес күйші болмай, көңілі құлазып жүр екен» деген әңгімені есітеді. Сүгір жолға жиналады. Мафруза көптің құрметіне бөленіп отырған осы елдің ерке қызы болып шығады. Өзіне сенімді қыз еркінсіп: «Домбырада күй сайысынан мені кім жеңсе, қойшы-қолаң, жарлы-жақыбай демей, шал болса да қартсынбай тиер едім», – дегенін Сүгір алдын ала естіген болатын.

Мұны естіген соң Сүгірден дегбір кетеді. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалады. «Күйші қызбен бір кездессем» деген құштарлық оны байыз таптырмайды. Осы ынтызарлықпен ол әкесінің қалауынан тыс жолға шығады», – делінген жазбасында.

Осылайша бұл әңгіменің жалғасы Сүгірдің жеңісімен аяқталады. Күйші әр күйге жаңа екпін, жаңа ырғақ, құбылмалы қайырмалар үстемелеп, түрлендіріп тартқанда, бойжеткен байыз тауып отыра алмайды. Ұлытаулықтар күйді ұйып тыңдайды. Сүгір мүдірген жоқ. Сүгірге риза болған қыз «Толғау» атты күйін шерте жөнеледі. Сүгір қолына домбырасын алып бір күй тартты. «Бұл сенің «Толғауыңа» жауап дейді. Мұның аты «Кертөлғау» болсын деген тілегін арнайды. Тәкаппар қыздың өзі күйдің осы тұсында булығып шыдай алмаған деседі. Осыдан соң қыз «екеуіміз тел өскен қозыдай бірге жүрейік» деп, «Телқоңыр» күйін тартыпты. Қыздың бұл күйіне масаттанған Сүгір «Шалқыма» күйін жолдайды. Осылай қонақтардың қайтатын уақыты да келіп жетеді. Сонда Мафруза қыз «Жолаушының жолды қоңырын» шерткен деседі. Осылайша күйшіге сүйсінген Мафруза қыз жігітке сертін беріп, оны ауылында күтеді. Алайда, әкесінің қарсылығынан Сүгір әрі аттай алмайды. Аңыз әңгімелерге қарағанда, Мафруза күйшіні өмірінің соңына дейін күтіп, ешкімге тұрмысқа шықпаған. Ал күйші болса сертіне берік бола алмағанына налып, күйлерінде мұңлы сарынды шерте бастаған деседі.

Осы ретте Сүгір күйлерін ең алғаш халыққа танытқан, эфир мен радиоға шығарған өнертанушы Жаппас Қаламбаев екендігін атап өткеніміз жөн болар. Сүгірдің стильдік ерекшеліктерімен дараланып қара шертіс, дара шертіс, іліп қағу, тұтып алу, форшлаг сияқты түрлі әдіс-амалдарды өз күйлерінде шебер пайдаланғандығы жайлы кітапқа жазған. Күйшінің бүгінгі күнге дейін бізге жетіп отырған 30-ға тарта күйлерінің біразы дерлік грампластинкаға жаздырылған. Сондай-ақ, оқу орындарында арнайы оқулықтарға енгізілген. Қазіргі уақытта Сүгір жас таланттардың шамшырағына айналып, өнер айдынында өшпес із қалдырып отыр.





ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасы КММ Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Қала Жарық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының ресми сайтында, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасына 050001, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82, Мыңбаев көшесінің қиылысы, 1-қабат №2 бөлме мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Сілтеме бойынша қажетті құжаттар тізімі <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-energy>.

Анықтама телефоны: 8 701 887 07 89.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19
ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

2.08.2022 ж. күнгі деректер бойынша
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат

I компонентпен
өкпе алған
адамдар саны

II компонентпен
өкпе алған
адамдар саны

1. Нұр-Сұлтан қ.	542 910	516 735
2. Алматы қ.	1 213 043	1 187 447
3. Шымкент қ.	707 236	696 457
4. Ақмола облысы	376 700	364 036
5. Ақтөбе облысы	443 202	435 963
6. Алматы облысы	1 184 916	1 133 118
7. Атырау облысы	292 643	277 007
8. ШҚО	1 032 229	1 025 711
9. Жамбыл облысы	772 562	762 839
10. ЕҚО	297 485	287 892
11. Қарағанды облысы	726 596	678 975
12. Қостанай облысы	381 012	367 615
13. Қызылорда облысы	516 106	510 617
14. Маңғыстау облысы	280 338	272 933
15. Павлодар облысы	385 233	376 214
16. СҚО	342 736	338 275
17. Түркістан облысы	1 295 207	1 290 881

Барлығы ҚР бойынша: 10 790 154 10 522 715

COVID-19
ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

2020 жылғы 13 наурыздан
2022 жылғы 1 тамызға дейін

КВИ +

КВИ - 2020 жылғы 1 тамыздан
2021 жылғы 31 шілдеге дейін

1 354 615 ЖҰҚТЫРДЫ 89 552

13 666 ҚАЙТЫС БОЛДЫ 5 357

2022 ЖЫЛҒЫ 1 ТАМЫЗДАҒЫ

КВИ +

24

КВИ -

2 021 ЖҰҚТЫРДЫ *2

*0 ҚАЙТЫС БОЛДЫ *0

*31.07.22 ж. деректер

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне
төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚҰРЫЛЫС

Жаңа мектеп



Шаһарда 7500 орынды 5 мектептің құрылысы
жыл соңына дейін аяқталады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ал келесі жылға дейін 920 орынды 4 балабақша салу жоспарланып отыр. Бұл туралы құрылыс басқармасының мамандары мәлімдеді.

Бүгінде шаһарда әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Мектеп пен мектепке дейінгі оқу нысандарын-

да сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Оқу орындарының тапшылығы бар болғандықтан 8 мектеп құрылысын бастағанбыз. Соның үшеуі 5100 орынды мектеп оқу жылының басында қолданысқа беріледі. Жылдың аяғына дейін 7500 орынды 5 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр», – деді Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Олжас Тәжібаев.

ФЕСТИВАЛЬ

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ
АНЫҚТАЛДЫ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Театр кез келген халықтың, әрине соның ішінде қазақ халқының да рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік асыл мұрасы. Халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы да осы – театр. Осы орайда, Педагогикалық Ғылымдар академиясы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Театр» номинациясындағы фестиваль-байқауын өткізді.

Байқау ашық түрде ұйымдастырылды. Іс-шараға 16–29 жас аралығындағы жас таланттар қатысты. Оның ішінде, мектеп, университет жандарындағы театр ұжымдары, өнер бірлестіктері, жас театрлар да баршылық. Олар

еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған саңлақтар десек, артық айтпағанымыз болар. Байқауға елімізге танымал театр майталмандары, актерлар төрелік етті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастар арасында театр өнерін насихаттау, өнерге қызығушылық танытқан жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту, жас өнертанушылар мен театр өнерпаздарынан құралған топтардың жаңа есімдерін анықтау, олардың шығармашылығын қолдау басты мақсатқа айналды.

Аталмыш байқауда 1-орынды «Шаңырақ» театры иеленді. Жүлделі 2-орынды Алматы қаласындағы «ЖасАрт» өнер бірлестігі жеңіп алды. 3-орынды «Мәдени тынығу қызметі» мамандығының студенттерінен құралған «Үркер» студенттер театры иеленді.

Аталған шара М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының Кіші залында өтті.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty@akshamy.kz
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Бүгін григорианша тамыздың – 4-і, ай бойынша 6-сы, қазақы есепке жүгінсек, енді 10 күннен кейін жаңа ай басталады. Апта айдың басына сәйкес келіп тұр. Демек, ауа райында өзгеріс болуы әбден мүмкін. Оның үстіне шілденің мерзімі бітуге таяп қалса да, күннің қызуы қайтар емес.

Шілде айының басынан орын алған ыстық оқта-текте жауған жаңбырға қарамай, алматылықтарды пысынатып-ақ жіберді. Миллиондаған тұрғыны бар алып шаһардың іші алауға айналғандай бет қартапайды...

Ақ басты Алатаудан соғып тұратын әдеттегі салқын самал азайды. Күндіз түглі, түннің өзінде де сирек соғады. Таңғы мезгілдегі алаң-елеңде елеусіз ғана есіп өтеді.

Тамыз айынан мамыр айына дейін Қазақстан жерінің солтүстік шығыс жағында «Х» сияқты немесе «ромба» түрінде 5 жұлдыз үнемі көрініп тұрады. Халқымыздың пайымдауынша, олар Шідер (Таразы) шокжұлдызы деп аталады. Осы шокжұлдыз төрт түліктің жайымен жиі көшіп-қонып отырған біздің бабаларымыздың жыл маусымдарын дәл анықтауына және соған қарай қам-қарекет жасауына игі ықпал еткен. Басқа шокжұлдыздарға қарағанда едәуір ұзақ көрініп тұрады. Таразы шокжұлдызының дәл ортасында қатар тұрған үш жұлдыз ерекше жарқырап көрінеді. Халқымыз оларға «Үш арқар» деп ат қойған. Солардың бірі – Шідер жұлдызы.

Тамызда Шідер (Таразы) туады, таң суиды. Тары, бидай піседі, шөп буыны қатайды, гүл қартайды, Шідер туған түні шөп сабағы дәріге айналады. «Ем іздесең тара-

ШІЛДЕНІ ШІДЕРЛЕЙТІН ШІДЕР КЕЛДІ

Сорпа ас болатын, қойлар «ораза ұстайтын», аңызак жел аңырап соғатын, Алматыда «алма жауатын» міне, осы кез



зының шөбінен ізде, жем іздесең таразының шөбін күзе» деген қанатты сөз бар. Осы кезде ауа райы салқын тартып, қою бұлт аспанды торлап, қоңыр күздің алғашқы нышаны көрініс береді.

Қазақ есепшілері жаз ортасы ауа бастағаннан аспан жұлдыздарына көз сала бастайды. Қай күні аспаннан жарқ етіп Таразы жұлдызы туа қалса, күздік жиын-терімді бастайды. Малдарды қырдың ақ отына қарай айдап бағады. Бір жұма ойдың көк отына, бір жұма қырдың ақ отына баққан

малдың еті мен сорпасы дәріге айналады, емдік қуаты жоғарылайды деп есептейді. Күз айы басталды деп ұйғарады. Қазіргі кезде ғылымда «орион жұлдызы» деп жүргені осы Шідер жұлдызы.

Ар жағында күн, сосын су суиды. Шілденің шіліңгір аптабын шідерлейтін осы Шідер жұлдыз ғана... Бірақ мұнымен аптапты, ыстық күндер бітпейді. Шуақты күндер әлі алда баршылық. Күз құрғақ әрі жаймашуақ болады деген жорамал да жоқ емес...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮН МЕН АЙҒА ҚАРАП
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- Ай бұлыңғыр болса жаңбыр жауатындығын, ашық болса шуақты болатындығын білдіреді.
- Жазда құйын көп болса, қыс аязды болды.
- Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- Аңызак ыстық қыстағы қатты аяздың белгісі.

СПОРТ

АЛМАТЫДА – ВЕЛОЖАРЫС

Қала көшелерінде автокөлік қозғалысы ішінара шектеледі



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда 7 тамыз күні сағат 5.00-ден 13.00-ге дейін жол қозғалысы ішінара шектелетін болады. Шектеу Visa Tour of World Class Almaty 2022 велосипед жарысын өткізуге байланысты енгізіліп отыр.



Жыл сайын ұйымдастырылатын Visa Tour of World Class Almaty велосипед жарысы биыл шамамен, 1000-ға жуық адамның басын қосады. Жарыс таңғы 8.00-де 14 шақырым балалар қашықтығы стартынан басталады.

Қатысушылар 32 және 52 шақырым қашықтықтарға Mega Almaty COO-дан Шығыс айналма автомобиль жолымен (ШААЖ) әдемі бағдар бойынша жүріп, «Halyk Арена» мұз кешенінен өтеді де, Рысқұлов даңғылындағы жол айрығында кері бұрылады. 32 шақырым қашықтықтағы атлеттер әл-Фараби даңғылымен жүріп өтіп, Mega Almaty COO-дан мәреге қарай бұрылады, ал 52 шақырым қашықтықтағы қатысушылар өз бағдарын әрі қарай Саин көшесінен Рысқұлов көшесіне дейін жалғастырады. Велосипедшілер бұрылып, Розыбакиев

көшесіне жеткеннен кейін әрі қарай мәреге қарай бет алады.

Трассаның артықшылығы – 180 градусты құрайтын сүйір бұрылыстардың болмауы, барлық бұрылыстар жаңа айрықтар бойымен салынған, бұл әуесқой велосипед шабандоздардың бағытын жеңілдетеді.

«Үш жыл ішінде алғаш рет біз Қазақстанның және көрші елдердің велоспорт әуесқойлары көптен күткен велосипед жарысты өткізіп отырмыз. Ұйымдастырушылар ретіндегі біздің міндетіміз – жарыс өтетін трассаның сәресінен бастап, бүкіл өту жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Биылғы бағдар бұрынғылардан өзгеше. Биіктік жоғарылағандықтан, 34 және 57 қашықтықтар бойынша километраж сәйкесінше 32 және 52-ге дейін

төмендетілді. Осылайша жол қозғалысы ішінара шектеледі және спортшылар жол учаскелерінен өтуіне қарай ашылып отырады. Біз қала тұрғындарының түсіністікпен қарап, қолдау көрсететініне үміттенеміз», – дейді «Tour of World Class Almaty» велосипед жарысының ұйымдастырушысы Салтанат Қазыбаева.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, соңғы қатысушы сағат 13.00-ге дейін қашықтықты өткеннен кейін автокөлік қозғалысы толық қалпына келтіріледі.

Қала тұрғындары мен қонақтарын 7 тамызға өздерінің жүру кестесі мен бағдарын алдын ала жоспарлауды сұраймыз. Жолдардың жабылуын ескере отырып, оңтайлы қозғалыс бағдарын 2ГИС қосымшасы арқылы белгілеп алуға болады.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487,02 теңге

\$ USD/KZT 475,79 теңге

₽ RUB/KZT 7,92 теңге

¥ CNY/KZT 70,41 теңге